

ЖАҢА ЖЫЛДЫҢ ЖАҚСЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Сарқылмасын Сыр - Ана!



№1
(1756)
9 қаңтар
2025 жыл
Бейсенбі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ WWW.Qaa.kz qaa.kz Ақмешіт Ақшамы Газеті

ТОҚАЕВҚА ТОҚТАЙМЫЗ БА?..

Биыл жыл басында, нақтылағанда "Ана тілі" газетінің 3 қаңтардағы номерінде Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың көлемді сұхбаты, Президенттің өз сөзімен айтар болсақ "елге терең ой салу және биылғы жұмысқа тың серпін беру үшін" отандастарына жолдаған арнайы Үндеуі жарық көрді.

Мемлекетіміздің сыртқы саясатымен қатар ел ішінде орын алған әралуан оқиғаларға орай жұрт арасында алыпқашпа әңгіме көп. Жәнсіз әңгімелердің еліміздің дамуына кедергісі бары анық. Сол себепті де

Президент Ресей, АҚШ, Қытай мемлекеттері, Түркі әлемі елдерімен қарым-қатынас, халық арасында көп талқыланатын уақыт белдеуі, мерзімінен бұрын Парламент сайлауы, Үкіметті ауыстыру, Талғар оқиғасы тағы да басқа сұрақтарға жауап беріп, өз тоқтамын білдіріпті.

Әралуан алыпқашпа әңгімелердің жетегінде кетпей, билікке қарсы саяси ойындардың құрбаны болмай ел де Тоқаевтың тоқтамына тоқтайтын болды. P.S. Сұхбат ықшамдалды.

ПРЕЗИДЕНТ ПУТИН – ТӘЖІРИБЕЛІ МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ

– Былтыр қараша айында Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин Қазақстанға мемлекеттік сапармен келді. Бұл сапар біздің елде де, шетелде де жұрттың жігі назарында болды.

– Ресей Президентімен өткізген келіссөздер аса мазмұнды болды. Біз сауда-экономика, көлік-логистика, энергетика, мәдениет, білім беру және басқа да салалардағы ынтымақтастық мәселелерін жан-жақты талқыладық. Астанаға Ресей Үкіметі мүшелерінің жартысына жуығының келуі Ресей үшін Қазақстанның стратегиялық маңызы жоғары екенін көрсетеді.

Келіссөздердің нәтижесі туралы көп жазылды, көп айтылды. Әрине, біраз дүние ақпарат құралдарына шыққан жоқ. Владимир Путинмен бейресми жағдайда төрт сағат әңгімелестік. Бұл кездесуде екі жақты ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүмкіндік туды. Сондай-ақ әңгіме барысында халықаралық проблемалар бойынша өзара түсіністігіміз бекемделе түсті. Мен Қазақстанның көп жақты саясатының мәнін ашық айтып, Ресеймен стратегиялық серіктестігімізді және одақтастық қарым-қатынасты дамыту туралы ұстанымға берік екенімізді жеткіздім.

Президент Путин – тәжірибелі мемлекет қайраткері. Ол Қазақстанның ерекшелігін және Орталық Азия аймағындағы ең ірі экономикасы бар маңызды ел екенін жақсы түсінеді. Сондықтан Ресей біздің елмен сауда-экономикалық және инвестициялық байланыстарын нығайту үшін белсенді жұмыс жүргізіп жатыр. Басқаша болуы да мүмкін емес. Себебі екі ел арасын құрлықтағы ең ұзын үздіксіз шекара қосып жатыр.

ҚЫТАЙҮШІН ҚАЗАҚСТАН – АСА МАҢЫЗДЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕС

– Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің елімізге жасаған мемлекеттік сапары өткен жылдың тағы бір маңызды оқиғасы болды. Сондағы келіссөздердің басты нәтижесі қандай?

– 2023 жылы Қазақстан мен Қытай арасында өзара визасыз режим орнатылды. Жаңа бастама алыс-берісті дамытуға және екі халықтың достығын нығайтуға оң әсерін тигізіп жатыр. Қазақстан азаматтары Қытайды жаңа қырынан танып, оның технологиялық тұрғыдан алып мемлекетке айналғанына көз жеткізе бастады. Қытай жұрты да біздің отандастарымызға достық пейіл танытып отыр.

Жоғары деңгейдегі диалог 2025 жылы да жалғасады. Төраға Си Цзиньпин «Орталық Азия – ҚХР» саммитіне қатысады деп жоспарланып отыр. Оның Қазақстанға алдағы сапары, сондай-ақ биыл күзде Қытайда өтетін келіссөздер екі елдің сан салалы ықпалдастығын одан әрі нығайтуға септігін тигізеді деп сенемін.

ТРАМП ЖӘНЕ ОНЫҢ КОМАНДАСЫ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСАТҚА ЖАҢА КӨЗҚАРАС

– Сіз желтоқсанның басында Дональд Трамппен телефон арқылы сөйлестіңіз. Соңғы айларда сарапшылар оның Ақ үйге екінші рет келуі Американың саясатына және әлемдегі ахуалға қалай әсер ететініне қатысты түрлі пікір айтып жүр. Осы орайда қазақ-америка қатынасы таяу жылдарда қалай өрбиді деп ойлайсыз?

– Мен қазақ-америка қарым-қатынасын нығайтуға өткен ғасырдағы 90-шы жылдардың ортасынан бері атсалысып келемін. Өзара ықпалдастықты нығайту жолындағы отыз жылдан астам уақытта басымдықтарға, яғни сауда-экономика, инвестиция саласындағы ынтымақтастыққа, ядролық қаруды таратпау және қауіпсіздікті сақтау мәселелеріне қатысты ортақ ұстаным қалыптасты. Ақ үйдің жаңа басшылығымен бірлесе атқарылатын жұмысқа да осы мәселелер арқау болады.

Біз еш жерде ара ағайын атануға өзіміз сұранып, ұмтылмайтынымызды қадап айтуға тиіспін. Халықаралық аренада Қазақстанның әлеуеті мен мүмкіндіктеріне қарай әрекет жасаймыз. Бірақ халықаралық мәселелердің шешілуіне жәрдемдесуге әрдайым дайынбыз. Әрине, халықаралық аренадағы күрделі ахуал біздің белгілі бір елдермен сауда және саяси қарым-қатынасымызға салқынын тигізеді. Сондықтан біз сыртқы үрдістердің жағымсыз ықпалын азайтуға тырысамыз. Қазақстан мүдделі мемлекеттердің бәрімен өзара тиімді прагматикалық байланыс орнатуды көздейді.

ҚАЗАҚСТАН ТҮРКІ ДҮНИЕСІН БІРІКТІРУДІ ҚОЛДАЙДЫ

– Түркі әлемінің алдағы ықпалдастығы жолында Қазақстан қандай рөл атқарады деп ойлайсыз?

– Соңғы 10 жылда Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдердің арасындағы алыс-берісайтарлық артты. 2024 жылы өзара сауда-саттық көлемі 45 миллиард доллардан асты. Елдеріміз Транскаспий халықаралық көлік дәлізінде маңызды рөл атқарады. Біз энергетика, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, цифрландыру салаларындағы ықпалдастықты күшейтуді көздеп отырмыз.

3-бетте



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Шиелі ауданында «Руханият орталығының» салтанатты ашылу рәсімі өтті. Мерекелік іс-шараға Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Нұртөре Жүсіп, Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Аманжол Өлтай, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Өбенов, облысқа арнайы жұмыс сапарымен келген ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев, ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жүрсін Ерман, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов, сондай-ақ, Мәдениет министрлігі мен Жазушылар одағының өкілдері арнайы қатысты.



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Арал қаласында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен салынған 300 орындық білім ошағының ашылу рәсімі өтті.

Салтанатты іс-шарада Мәжіліс депутаты Мұрат Өбенов жылған жұртшылықты құттықтады.



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Арал ауданына жұмыс сапары кезінде «Қамқорлық» оңалту орталығындағы құрылыс жұмыстарының барысымен танысты. Бұл орталық А.Байтұрсынов ауылдық емханасының жанында, «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен қайта жаңғыртылуда. Құрылысты «Жылу-XXI» серіктестігі жүргізуде. Жалпы ауданы 1060,7 шаршы метрлік, екі қабатты ғимарат толық жөндеуден өтуде. Орталықта Арал және Қазалы аудандарындағы 2 мыңнан астам бала медициналық оңалтудан өтеді. Нысан биыл наурыз айында іске қосылады.



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Арал ауданы Тоқабай елді мекеніндегі 100 орындық мектептің құрылысымен танысты. 2020 жылы «NTDK Group» ЖШС-ның техникалық қорытындысы бойынша мектеп ғимараты апаттық жағдайда деп танылып, «Баслана Қызылорда» ЖШС-ның сараптамасы негізінде ғимаратты бұзып, қайта салу қажеттігі анықталған. Қазіргі таңда негізгі оқу корпусы пайдалануға берілген. Спорт, акт залдарына, сынып кабинеттеріне сейсмикалық белдеу құйылып, күрделі жөндеу жүргізілуде.

8-бетте



ЕШ ӨКІНІШ ЖОҚ ҒҰМЫР ИЕСІ

2-бетте

АХАТОВ АЛАШТЫҢ ТОЙЫНА ДАЙЫНДАЛУДА

Қызылорда қаласының әкімі Н.АХАТОВ:

– Алдымызда айқын міндеттеріміз бен анық жоспарларымыз бар. 2025-ші жыл қаланың, оған қарасты кенттер мен ауылдық округтердің әлеуметтік-экономикалық дамуына арналған **142 жоба** әзірленуде. Ол үшін **174 млрд. тенге** қаржының бөлінуіне жоғары тұрған органдармен тиісті жұмыстарды үйлестіретін боламыз.

Біз халықтың игілігі мен жайлы тұрмыс-тіршілігі үшін **ауқымды жобаларды жүзеге асыра береміз.**

2025-ші жыл Алты Алаштың анасы атанған – Қызылорданың астана мәртебесін иеленгеніне **100 жыл** толады. Бұл - жүзжылдықтың тарихи, тәуелсіздігіміздің тамаша тартуы, жетістіктеріміздің жарышысы, ұрпақ алдында ұлағаты мол ұлы қуаныш, торқалы той болмақ.

“АЛАШ” ТУЫШЫҢ ЖЫРТЫЛУЫ

6-бетте

"АҚМЕШІТ ҮЛКЕН ҚАЛА БОЛЫП КЕТЕТІНІ АНЫҚ"

Қазақ өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы болған Сұлтанбек Қожанұлының айтқан сөзі

7-бетте

Өсу, шындалу жолдары. Сәдуақас екеуіміздің сынып және жас айырмашылығымыз төрт жыл. Ол мектептегі оқуы менен жақсырақ оқыды. Әкеміз Әбдіқадырдың ертерек қайтыс (мен сегіз, Сәдуақас төрт жаста) болуынан тұрмыстық жетіспеушіліктен болған қиындықты бірдей көрдік, ауырталпығын бірдей көтердік. Анамыз Бибісара өте сезімтал, жаңалыққа, нұсқалы сөзге, ғибратты тәмсілдерге жаңықұмар, жады мықты, зерделі жан еді. Біздің үйде радионың өзі кейіндеу, өткен ғасырдың 60 жылдары ғана пайда болды. Радиодан тыңдап, көңіліне түйген, немесе өзіміз оқып берген ғибратты тәмсілдердегі қысқа, нұсқа түйіндермен бізді тәрбиелейтін. Оларды өмірлік тәжірибесімен байланыстырып қайта-қайта айтудан өсте жалықпайтын, сонысын ғибратты мысалдар мен тәмсілдердің мағынасын жоғары ұқтырды. Анамыздың жиі айтатын, санамызға әбден орныққан «Жақсы жігіт піскен қауын, ісімен танылады», «Жаманға шалғайың тисе тартып алма, кесіп ал» деген нақыл сөздері өмірлік қағидатымыз болды.

Сәдуақас ерте есейді. Үшінші сыныптан төртіншіге ауысқандағы жазғы каникулда қыстық отын үшін кесек құйдық. Таң қараңғысынан түнгі ұйқыға жатқанға дейінгі уақытымыз балшық илеу, кесек қалыптау мен қамба бекіту болды. Қамбадағы балшықтың иін қандырып, сыртқа шығарып, қырман ғып үйіп, қалыпқа сала беретін етіп дайындап алғасын Сәдуақасты оятамын. Осындайдың бірінде - Сәдуақас, Сәдуақас тұр дала жап-жарық болды, - деймін. Үйдің іші өлі жарықтан қоймаған, көшегі тірліктен шаршаған, өлі ұйқысы қанбаған Сәдуақас – Атаңның басы

Аңсаттың Сәдуақасы

Былай сырт адам екеуінің бір туған бауыр екенін біле бермейді. Қайдан білсін, сырт келбеттері де бір-біріне ұқсай бермейді. Бірі – бойшаң, бірі – ақшыл реңді. Үлкенінің тақиясы бар. Кішісі үнемі портфель ұстап жүреді. Сондай-ақ коммунистігі көрініп тұрады. (Партиялығы емес. Баяғыда шыншыл, турашыл жандарды коммунист дейтін едік қой). Ағасының қазақшылығы басымдау. (Өз ойым).

Бірақ, бұл екеуі екі бөлек әлем деген сөз емес. Екеуін біріктірсе бір Сәдуақас, немесе бір Сәпен шығары сөзсіз.

Бауырлардың кішісі, біздің әріптесіміз, бәрімізге танымал «Тіл сақшысы» газетінің бас редакторы, облыстағы қазақ тілі қоғамының төрағасы Сәдуақас ағай 80 жасқа толып отыр. Айтулы мөреке.

Сәдуақас ағай туралы көп нәрсе айтуға болады. Мемлекеттік тіл шешілген деп танитын Қызылордадан тілдік мәселесін тауып алып, қайсыбір жиындарда мінберге шығып, әйтпесе микрофонды алып алып, жөймендеп тілді дамытудағы кедергілерді келтіре айтты, «қанды ішеді-ақ...» Жиналыстарда «қан ішкені» аздай, газетіне сын мақалалар жазып, биліктің келеңсіз тұстарымен «мыңбала болып» алысып жүргеніне «ту, ағай да бір» дейтіндер де бар...

Оған қарап жатқан Сәдуақас ағамыз жоқ. Айтатын жерінде айтты, жазатын жерінде жазып, өз миссиясын мінсіз атқарып, қалам ұстағандардың баршасына журналистикаға деген адалдығымен бәсекелес болып жүр. Сыр бойы журналистикасы үшін журналист көптік етпейді. Тіл сақшысы болып жүрген Сәдуақас ағамыз Сыр бойы журналистикасының айыны бола берсін. Тілектеспіз.

Сәдуақас ағаның мерейтойы қарсаңында бауыры Сәпен аға оған деген ізгі тілегімен арнау мақала жазыпты.

Түрі де, түсі де бір-бірінен бөлек, алайда ішкі жан дүниелері үйлескен рухтас бауырлардың бауырмалдығына тағы да сүйсіндік.

Сәпен аға, «інісі бардың тынысы бар». Сәдуақас аға, «Ағасы бардың жағасы бар»...

С.БИХОЖА



Сәдуақастың сом тұлғасы тұр. Кейбіреулер мойнындағы қоғамдық жұмыстарды өздеріне дәреже көріп, атын арқалап жүре береді. Сәдуақас сол қоғамдық жұмыс үшін, яғни ұлт мүддесі үшін жаратылғандай біте қайнап бүкіл өмірін арнады.

Құндылықтарды бағамдау.

Адамдығын айқындайтын үш құндылық бар. Еңбек. Адалдық. Жетістік. Екеуімізге ортақ құндылық – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ. Сәдуақас маған қарағанда артығырақ еңбекқор. Ісіне берілгендігі соншалық құн батпаса екен, таң тезірек атса екен деп тілейді. Әрбір сағаты емес, әрбір минуты Сәдуақас үшін қымбат. Таң атқаннан кеудесін қуат көрнеп іске құлшына кіріседі. Шығарған газетінің әрбір саны ол үшін бір туынды. Бір көркем шығарма. Содан ләззат алады. Қайраттанады. НАМЫС деген биік қасиеттен бір пәске де аласармағаны, оның Еркін Әуелбековтің, Аман Төлеевтің рухына адалдығы. Амангелді Айталинның, Алтынбек Сәрсенбаевтың қайраткерлік болмыстарын өзіне өнеге етуі, олармен тірі кезінде достық қарым-қатынаста болуы, рухтарын құрметтеуі айғақтайды. Ұрпақ тәрбиесіндегі ұлттық құндылық – АЗАМАТТЫҚ ҰСТАНЫМ. Құндылықтың үлкені, ең негізгісі – ТІЛ. Оншақты жылдан бері шығарып келе жатқан «Тіл сақшысы» газетіндегі өткір мақалаларды жинақтап, «ТІЛ САҚШЫСЫ – НАМЫС ҚАМШЫСЫ», «СӨЗІМ - ҰСТАНЫМЫМ» деген кітаптар шығарып жүр. Адами құндылықтар: - ірілік. Кісілік. Кішілік азаматтық ұстанымына байланысты. Барлығы да «Сөзім - ұстанымым» кітабында қамтылған. Мақалаларындағы сөзі, оқшау ойы қандай болса, Сәдуақастың өз болмысы да сондай. Айырмасы жоқ. Өз күшіне, алға қойған мақсатына сенген, ақиқатқа тура қараған анамыз, санасына сіңірген сәулені сөздіріп алмаған Сәдуақас... Неге солай?! Мақаламын басында айтқан анамыздың тәрбиесі. Кедей шілікте демін татқан қара нанның баға сын естен шығармай, бүгінгі өлшеммен салыстыру, бағамдау. Аязбидің ұстанымы!

Бауырлық, бауырмалдық.

1970 жыл. Мен екі балалымын. Сәдуақастың бір баласы бар. Анаммен бірге бір үйде тұрамыз. Шағын-шағын ескі төлпетек тамдар. Аулада бізден басқа Баймуратов Ақбергннің үйі бар. Маған жұмыс орным Жосалы механикалық зауыты үш бөлмелі кең үй берді. Анам екеуінің де балаларың бар, сен бөлек шық. Анау алған үйіңе көш. Осы үйдегі азын-аулақ ыдыс-аяқ, кесе-шайнек, көрпе-төсектеріңді бөліп берем деді. Мен көшсек бірге көшейік, алып жатқан үйім осы отырғанымыздан кең, әйтпесе осы үйдегі барлық дүниені машинаға тиіп алып кетемін, сосын амал жоқ, көшесіңдер деймін. Ақыры анамның айтқаны болды, маған тиесілі заттар машинаға тиелді. Көршілер жиналған. Сәдуақас екеуіміз құшақтасып көпке дейін құшағымыз ажырамады. Екеуіміз де жылады. Куә боп тұрған көршілер де көз жастарына ерік берді. Екеуіміз бірігіп үй салдық. Сәдуақас қызмет бабымен Қызылордаға көшті. Мен де көштім. Салынған үйді саттық. Қаржысын теңдей бөліп алдық. Сәдуақастың біздің отбасымызға көмегі, қамқорлығы көп болды. Сәдуақас 60 жасқа толғанда ұл-қыздарымын басын қосып, Сәдуақас – менің әкем. Мені қалай сыйлап құрметтесендер Сәдуақас төтелеріңді де солай сыйлап құрметтендер деп өсиет айттым

Жетістік.

Сәдуақастың жетістігі көп. Атақтары мен марапаттары да жетерлік. Атақты болдым деп сезіну – жалған жетістік. Күрескерлердің өмірлері мехнатты болады. Сәдуақастың 80 жылдық ғұмырының қоғамдық істердегі кезеңі мехнатты болғанымен еш ӨКІНІШСІЗ: Нағыз жетістік – адамның артына қарағанда өкінбеуі.

СӘПЕН АҒАСЫ. ҚАҢТАР 2025 ЖЫЛ

ЕШ ӨКІНІШ ЖОҚ ҒҰМЫР ИЕСІ

жарық - деді. Осы диалогты айтып, үй ішімізбен талай күлдік. Кесекті көбірек құйып, өнімді жұмыс істеген күндері анамызға келіп, біз бүгін 400-500 кесек құйдық деп мақтанатын және ол кісінің, - Міне жігіт болдыңдар, - деген сөзінен қуаттанатын едік. Себебі ол кісінің: «Жұмысқа келгенде бала, тамаққа келгенде жігітпіз ғой» деген екі жасөспірімнің отынға барғандағы өңгімесі жадымызда жаңғыратын да тұратын. Анамыздың қатал талабының арқасында ішкілік пен темекіге әуес болмадық.

- Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ. Бес нәрседен қашық бол, - деген Абай сөзі Сәдуақас өмірінің бағдаршамы. «Адамның басшысы – ақыл. Жетекшісі – талап. Жолғаушысы – ой. Жолдасы – кәсіп. Қорғаны – сабыр. Қорғаушысы мінез. Сынаушысы – халық». Толық адам болудың кодексі деуге жарайтын Сақұлақ биден қалған осы «Жеті жетекші» Сәдуақастың өмірлік ұстанымы болды.

Кеңес өкіметінің бір артықшылығы адамды мақсаттылыққа тәрбиелейтін. Үлкен мақсатпен Шымкент қаласына барып технологиялық институтқа түсіп, студент болды. Одан құрылыс жұмыстарына қажетті темір-бетон конструкциялары бұйымдарының инженері деген мамандық алды. Бетон құюшы болып бастап, құрылыста шебер, прораб, техникалық бөлім инженері болып сатылап өсіп құрылыстың қыры мен сырын, бүге-шігесіне дейін меңгеріп, аудандық архитектор, облыстық атқару комитетінің құрылыс басқармасының басшысы қызметіне дейін көтеріліп, әбден шындалды.

Қайраткерлік. Азаматтық. СОКП Орталық Комитеті жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясында екі жыл оқып, партияның саяси қызметкері дәрежесін иеленіп, Қызылорда қалалық партия комитетінің екінші хатшысы қызметіне сайланды. Сәдуақастың партиялық принциптен аттамау, туралықтан айнымау, қоғамның дамуына үлес қосу жолындағы қайраткерлігі мен

қайсарлығы осы қызметтен басталды.

Сәдуақас батыл болды, принципшіл болды. Зиялы болды. Адамның зиялы болып жетілуі үшін ақыл аздық етеді, айла тіптен керексіз, үлкен жүрек керек. Елім, жерім деп соққан жүректің иесі – Сәдуақас.

Эйнштейн өз заманында он қасиетке он біріншіні қоспап болыпты, «ҚОРЫҚПА!» деген. Қорқыныш көп. Дұрыс жүрмей қалдым ба, дұрыс бұрылмай қойдым ба, дұрыс айтпай қойдым ба, басым кетпей ме, балама зияны тиіп кетпей ме деген сияқты. Өзің үшін ғана емес, туыстарың мен жақын адамдарың үшін де қорқасың. Артық абайшылдық та – қорқақтық. - Башқұрт ұлтының жүрегіме қасқыр ұялаған, мен неге қорқуым керек деп ант ретінде айтылатын сөзі Сәдуақастың болмысына келеді. Жұртқа жақпайды екен деп дұрыс жолымнан, ұстанымымнан айнымаймын деп отыратын, үнемі. Екінші хатшы кезінде қалалық партия комитетінің бюро мәжілісінде көптеген лауазым иелерінің тағдырлары талқыға түсетін. Бюро мүшелерінің Сәдуақастан өзгесі көңілшектік танытып, солқылдақ шешім жетегінде болғанда Сәдуақас айнымайтын. Оның мысалдары көп. Оларды айтып марқұмдардың әруағын заңдамай-ақ қояйын.

Кеңестік жүйеде болған Қазақстан билігі тарап, зауыт-фабриктер мен колхоз-совхоздарды ептілердің қолдарына ұстатып, жемқорлардың аузына тістетіп, кадрлар жоқырап, тоқырап жатқанда Сәдуақас мүмкіндігі бола тұра өзінің дүние мен мүлікке қызықпайтын адал қалпымен, бір сабақ жіп алмай ең күшіне, қажыр-қайратына сеніп, адами ұстанымын сақтап қалды. Әу бастағы жетіспеушілікте жеген қараннан салмағымен бүгінгі өлшемдерді бағамдау дүние мен мал-мүліктік артықшылыққа жібермеді.

Тәуелсіздік жылдары. Егеменді ел болдық. Қуандық. Шаттандық. Сілкіндік. Ұмтылды. Сендік. Көңдік.

Көнбістік түбімізге жетер түрі бар. Талау мен тонау басталды.

Ержүректілік пен батырлықты найзаласқан қолма-қол ұрыстан көргісі келген адам қателеседі. Сәдуақас сияқты қоғам қайраткерлерінің майдандасатын көзге көрінбейтін алаң пайда болды.

Жаңадан құрылған «Ақ жол» пар-

«Ұятыңа қарсы келетін ештеңе жасам, тіпті олай етуді мемлекет талап етсе де».

Эйнштейн

тиясына мүше болды. Алтынбек Сәрсенбаев, Әлихан Бәйменов, Ораз Жандосов, Болат Әбілов, Людмила Аркадьевна Жулановалармен иықтас, рухтас болып «Отан», Нұр Отан» деген биліктің сойылын соғатын, Назарбаевтың «сарабдал саясатымен» айқастың бел ортасында жүрді. Бірнеше оққағарлары, қылт еткенді таспаға түсіріп тұрған бейнебақылауы бар, қауіпсіздігі қамтамасыз етілген Заманбек Нұрқаділов пен Алтынбек Сәрсенбаевтарды ажал құштырып отырған алып жүйемен шайқасқа шыдас беру мүмкін емес еді. «Ақ жол» және «Нағыз ақ жол» болып партия екіге бөлінгенде, - «Қанша батыр болса да, жауға салма жалғызды» деген бар, сен сияқтылар жалғыз. Сенің көзінді жою билікке дымға да тұрмайды, деп Сәдуақасты барлығымыз жалынып салқындандылау Әлихан Бәйменов жетекшілік ететін «Ақ жол» жағында қалуға әрең дегенде көндірдік.

Зейнетке шыққасын қоғам дамуына үлес қосуға мүмкіндік беретін Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамына жетекшілік ету қоғамдық жұмысын атқару Сәдуақасқа бұйырды. Ондаған жылдар бойы қозғалыссыз, аты бар да, заты жоқ осы жұмысты қолға алғаннан Сәдуақастан тыным болған жоқ. Сәдуақас тапсырма күтпей-ақ белді буып, білекті сыбынан іске кірісті де кетті. Халықаралық қазақ тілі қоғамының Қызылорда облыстық филиалының жарғылық құжаттарын, мөрін дайындап, «Тіл сақшысы»

деген республикалық газет шығаруды бастады. Өзім осы газет шығарғанына қарсы болдым.

- Мына жұмысыңнан түк шықпайды, облыста шығып жатқан газет көп. Кім оқиды сенің газетіңді. Тиражын қамтамасыз ете алмайсың - дедім. Оным бекер болғанын көріп отырмын. Ұзартып соза бермейін, Сәдуақастың жетекшілігімен Қызылорда облыстық филиалы республикада теңдесі жоқ үлкен, абыройлы, өзге облыстарға үлгі, өнеге қалыптастырған ұйым болды. «Тіл сақшысы» газетінің таралымы 13 мыңға дейін жетті. Ел-жұрт іздеп жүріп, сұрап алып оқитын басылым болды.

Сыр елінің тұрғындары мені Сәдуақаспен шатыстырады. - Сіздің газетіңізді оқып тұрам, ондай басылым жоқ. Адамның жанына азық болып жүрген газет, көтерген мәселелеріңіз ең зару, ең өзекті, үй ішімізбен, ауыл-аймақ боп оқимыз, - деп жатады.

- Газет шығарушы мен емес, ол менің інім ғой, - деймін.

Иә, осындай елге қажетті газетті жабу үшін билік неше түрлі айлаға барды. Тексерістер жасады. Газетті сақтап қалу, Қазақ тілі қоғамының ауқымды істерін тоқтатпай жалғастыра беру Сәдуақасқа үлкен ауырлық әкелді. Күресуге, майдандасуға тура келді. Мемлекеттің аты - ҚАЗАҚСТАН. Ана тіліміздің үстемдігін Конституцияда көрсетілгендей дәрежеге жеткізу үшін майдан жүріп жатқан дегенді әлемнің өзге елдерінің азаматтарына түсіндіре алмайсың. Ал шындығында, бізде солай! Қаншама тер төгілді. Қаншама жүлікке жұқарды. Қаншама ұйқысыз түндер, қарбалас күндер өтті. Бірақ, Сәдуақас мойымады. Сынбады. Қыңбады. Қадыр ақынның: - Екі қолың не үшін керек? Елге көмек беру үшін. Екі көзің не үшін керек? Жақсылықты көру үшін. - Қос құлағың не үшін керек? Ақыл-көнес тыңдау үшін. - Жүрегің не үшін керек? Жауларыңнан қыңбау үшін. - Тіл мен жағың не үшін керек? Ақиқатты айту үшін. - Екі аяғың не үшін керек? Сыртта жүрсең елге қайту үшін! Қадекең осы айтқандарында

2025 жылғы I тоқсанда Ақсу ауылдық округі әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

Р/с	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6
1	Шілдебаев Марат Тныштықбайұлы	Ауылдық округі әкімі	Жұма, сағ: 15.00-19.00-ге дейін	Ақсу ауылы, Елеусінов көшесі, №16	22-0-24

Қармақшы ауылдық округі әкімінің 2025 жылдың I тоқсанында жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін қызметкердің аты-жөні	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін қызметкердің лауазымы	Қабылдау жүргізетін күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Қармақшы ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Ескараев Аязбек Тайжанович	Қармақшы ауылдық округі әкімі	Апта сайын Сәрсенбі, бейсенбі күні: сағат 17.00-19.00-ге дейін	Қармақшы ауылы, Сейфуллин көшесі, №6 үй	26-2-65
Сенім телефоны 8(72437)26-2-65					

МЕНШІК ИЕСІ:	Редакцияның мекен-жайы:	(E-mail: a_akshamy@mail.ru)	ТАРАЛЫМЫ: 4000	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
«Желтоқсан и К» ЖШС	Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1	Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп №14611-Г «7» қараша 2014 жылы күәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж Газет аптасына бір рет жарық көреді	Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды. Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49	Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек. Сурет сапасына редакция жауап бермейді
Бас редактор Сәрсенкүл Бәйдешқызы БИҚОЖАЕВА	Телефон: 23-16-08 23-16-11		Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы	
Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН			Тапсырыс	

ТОҚАЕВҚА ТОҚТАЙМЫЗ БА?..

ҚАЗАҚСТАН - ОРТА ДЕРЖАВА

– Сіз Сауд Арабиясындағы халықаралық форумға қатысқаныңызды атап өттіңіз. Жалпы, былтыр әлемдік деңгейдегі осындай көптеген іс-шараға қатыстыңыз. Бұл сіздің сыртқы саясатқа баса мән беретініңізді мензеп, «Президент – кәсіби дипломат, сондықтан халықаралық мәселелерге көбірек назар аударады» деген әңгіменің шығуына түрткі болды.

– Қазақстан орналасқан жері, экономикалық әлеуеті және қазіргі геосаясат ахуалы тұрғысынан алғанда, әлемнің көптеген мемлекеті үшін стратегиялық маңызы бар ел саналады. Бізбен байырғы серіктестеріміз ғана емес, сонау Африка құрлығындағы мемлекеттер де достық қатынас құруға мүдделі. Батыста, жалпы жер жүзінде Қазақстанды орта держава деп атайды. Әрине, бұл мәртебенің салмағы да ауыр. Біз, ең алдымен, халықаралық аренадағы іс-әрекеттерімізге жауапкершілікпен қарап, қазіргі заманның аса күрделі мәселелеріне келгенде, сындарлы ұстанымда болуымыз керек. Сондықтан Қазақстан «барша адамзаттың ортақ үйі», еш баламасы жоқ әрі әмбебап құрылым саналатын Біріккен Ұлттар Ұйымын қашанда жақтайды.

Сонымен бірге Мемлекет басшысы ретінде ішкі саясат мәселелерімен күнделікті айналысамын. Бұл – өте маңызды жұмыс. Сондықтан менің қызметімде сыртқы саясатқа басымдық беріліп кетті деген пікір дұрыс емес.

БҰҰ-на КЕТПЕЙДІ...

– Әлеуметтік желіде Сіз 2026 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымын басқаруыңыз мүмкін, соған байланысты елімізде кезектен тыс Президент сайлауы өтеді деген қауесет тарап жатыр.

– Мен Біріккен Ұлттар Ұйымы бас хатшысының орынбасары және Қарулызидану жөніндегі конференцияның бас хатшысы ретінде осы ұйымның Женевадағы кенесінен үш жылға жуық басқардым. Халықаралық үдерістердің қыр-сырына бойлап, мол тәжірибе жинадым. Осының өзі артығымен жетеді деп ойлаймын. Менің елімізді дамытуға қатысты талай жылға арналған ауқымды жоспарларым бар, оның бәрін жүзеге асыруға ниеттімін.

ЕЛДІ МЕКЕНДЕР ТАЗАЛЫҒЫ – ТҰРМЫС САПАСЫНЫҢ ЖОҒАРЫЛЫҒЫ

– Сіз «Таза Қазақстан» дегеніміз көше тазалаудан әдекайда ауқымды ұғым екенін атап өттіңіз. Осы бағыттағы жұмыс қалай жалғасады?

– «Таза Қазақстан» жобасының жүзеге асуына, ең алдымен, әкімдер жауапты. Елді мекендердің тазалығы – тұрмыс сапасының жоғары екенін білдіреді. Мен аймақтарға тұрғыдан қалалардың қалай абаттандырылғанына үнемі назар аударамын. Осы ретте «Таза Қазақстан» идеясы ұлттық идеологиямыздың аса маңызды бөлігіне айналуда тиіс екенін тағы да қайталап айтамын.

“УАҚЫТ БЕЛДЕУІ”

КӨКТЕМДЕ ШЕШІЛЕДІ

– Қоғамда бірінғай уақыт белдеуі туралы түрлі пікір бар. Парламент пен Үкіметтің арасында осыған қатысты пікірталас жүріп жатқанын да білеміз.

– Әрине, мен жағдайды көріп-біліп отырмын. Үкімет өз шешімінің орынды екеніне сенімді және Қазақстан бір уақыт белдеуінде болуы қажет деп санайды. Уақытты дұрыс пайдалану туралы Барселона декларациясында әртүрлі уақыт белдеуін анығтуға, оны қысқа және жағзы уақытқа ауыстыруға әуес болмау қажеттігі айтылған. Дегенмен азаматтарымыз өтініш білдіріп жатыр. Үкіметтің шешіміне қатысты ашық талқылаулар жандана түсті. Меніңше, қоғамда көзқарас қайшылығын тудыратын мұндай мәселелерді мұқият талқылау қажет. Сондықтан Парламентте ғалымдардың, сарапшылардың және аймақ өкілдерінің қатысуымен қоғамдық тыңдау өтті. Тараптар уақыт белдеуін ауыстырудың ел экономикасына және азаматтардың тұрмысына әсері жөніндегі барлық пікірді ескере отырып, 1 наурызға дейін жан-жақты зерттеу жүргізуге уағдаласты. Содан кейін нақты ұсыныстар әзірленеді. Парламент пен Үкімет бұл мәселені байыппен зерделеп, ортақ әрі дұрыс шешімге келетініне сенімдімін.

ҮКІМЕТТЕ БӘРІ МІНСІЗ ЕМЕС...

– Үкіметтің жаңа құрамы жасақталғанына, міне, 11 ай өтті. Меніңше, бұл – белгілі бір пайым жасауға жеткілікті мерзім. Министрлер кабинетінің жұмысына көңіліңіз тола ма? – Үкіметтің міндеті – экономиканың өсімін қамтамасыз ету және азаматтардың әл-ауқатын жақсарту. Жалпы алғанда, Министрлер кабинеті бұл міндетін орындап отыр. Экономиканы әртараптан-дыру, өңдеу өнеркәсібін дамыту, инфра-құрылымды жаңғырту сияқты бағыттар бойынша былтыр атқарылған жұмыстың нәтижелері жаман емес. Алайда бәрі мінсіз деуге келмейді, проблемалар да бар. Мен министрлерден неғұрлым тиімді жұмыс істеуді және шешім қабылдағанда батыл болуды үнемі талап етемін. Қоғам да Үкіметтің жұмысына жоғары талап қояды. Бұл – өте орынды әрі қалыпты

жағдай. Сондықтан Үкіметтің жұмысы нақты нәтижеге орай, әділ бағаланады. Басты көрсеткіш – азаматтардың тұрмыс сапасы. Экономикадағы жетістіктер адамдардың күнделікті өміріне оң әсерін тигізбесе, оны әншейін сөз жүзіндегі жетістік деуге болады.

Жуық арада Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтеді. Сол кезде жылды қорытындылап, қазіргі мәселелерді талқылап, жана жоспарлар жасаймыз. Қазақстанға экономиканың 4 пайыздық өсімі аздық ететіні анық. Бұл туралы шетел өкілдеріне де айтып жүрмін. Үкімет экономиканы барынша дамыту үшін тың тәсілдер табуға тиіс.

“ПРЕЗИДЕНТ – ҚҰДАЙДЫҢ ЖЕРДЕГІ КӨЛЕҢКЕСІ ЕМЕС”

– Ел ішінде «Қаңтар оқиғасының құпиясы толық ашылған жоқ» деген пікір бар. Бұған не айтар едіңіз? Ондай қасірет қайталанбауы үшін не істеу қажет?

– Қаңтар оқиғасы туралы сөз болғанда, әр адам сол күндері көліктердің қирағанын, дүкендердің тоналғанын, қаскөйлердің мемлекеттік ғимараттарды басып алғанын, сарбаздардың соққыға жығылғанын, қару-жарақтың ұрланғанын және әйелдердің зорлық-зомбылыққа ұшырағанын еске алуы керек. Жауапкершіліктен жүрдай саясаткерсымақтардың шындыққа жанаспайтын жалған ақпарат таратып, мемлекеттімізге шынымен де қатер төнген сәтті жұрттың жадынан өшіру үшін әрекет жасауына жол бермеу керек. Абырой болғанда, азаматтардың көбі күршістен күрмекті айыра алады. Мемлекетіміздің тірегі – осындай көзі ашық, көкірегі ояу адамдар.

Біз халықтың берекелі бірлігінің арқасында осы ауыр сынақтан сүрінбей өттік. Қаңтардағы оқиғадан бәріміздің зор сабақ алғанымыз сөзсіз. Біріншіден, елдегі билік жұдырықтай жұмыла білуге тиіс, қосарланған билікке ешқашан жол берілмеуі қажет. Екіншіден, Президент – «Құдайдың жердегі көлеңкесі» емес, мемлекетті басқару үшін белгілі бір мерзімге сайланған менеджер ғана. Үшіншіден, жоғары мемлекеттік лауазым-дарға үміткерлерді, соның ішінде күштік құрылым басшыларын мұқият іріктеу керек. Олар Отанымызға, яғни Қазақстан Республикасына адал болуға тиіс. Ең бастысы, «Заң мен тәртіп» қағидатын басшылыққа алып, ел бірлігін көздің қарашығындай сақтап, әділдік қағидатын барынша орынқыту қажет. Бұл қағидатқа қарсы шығатындар «демократиялық құндылықтар» деген желеумен қоғамға іріткі салып, түбінде қазақ мемлекеттігінің жоюды көздейтіні айдан анық. Бұған еш көнуге болмайды. Заң үстемдігі – демократияның ең биік шыңы. Бұл максатқа жету оңай емес.

ӘДІЛДІК – БӘРІН ТЕҢЕСТІРУ ЕМЕС

– Әділетті Қазақстан дегеніміз бәрін әлеуметтік тұрғыдан теңестіру ме, әлде әділ бәсекеге жол ашу ма?

– Ең алдымен, әділдік барлық елде және барлық заманда халықтың қалауы болғанын айта кеткен жөн. Мұның Қазақстанға да қатысы бар. Жоғарыда айтқанымдай, қасіретті оқиғаға дейін бізде әділдік деңгейі өте төмен болғаны рас. Әділдік – бәрін теңестіру деген сөз емес. Менің ел байлығын әділ болу туралы ұстанымым меншік иелерін мүлкінен түгел айырып, активтерді қайта бөлу дегенді білдірмейді. Біз іштен іштен және жүгенсіздіктің белең алуына әкеп соқтыратын мұндай жолмен жүрмейміз. Сондықтан кезінде баз біреулерге орынсыз берілген артықшылықтар мен жеңілдіктерді алып тастау, заңсыз алынған активтерді мемлекетке қайтару – популистік қадам емес, керісінше, әділдік қағидасы негізінде Қазақстанды жаңғырту стратегиясы.

Әділетті мемлекет дегеніміз – құқықты мемлекет. Онда азаматтардың бәрі заң алдында тең болады, заңдарды, ережелерді және нормаларды қатаң сақтай отырып, жалпыға бірдей мүмкіндіктерді толық пайдалана алады. Айтпақшы, заңсыз алынған қаржы және басқа да активтерді қайтаруға қатысты жұмыстың нәтижесінде 2022 жылдан бері мемлекет қазынасына 2 триллион теңгеден астам (4,1 миллиард доллар) қаражат түсті. Бұл қаржы мектептер мен маңызды инфра-құрылым нысандарын салуға және өзге де әлеуметтік міндеттерді орындауға жұмсалып жатыр. Әділдік дегеніміз осы емес пе?

НАЗАРБАЕВ СЯСИ СЫПАЙЫЛЫҚТЫ САҚТАЙ БЕРМЕДІ

– Сіз тұңғыш президенттің қызметін, оның елге сіңірген тарихи еңбегін әділ бағалау қажеттігін бірнеше рет айттыңыз. Көпшілік мұндай ұстанымның орынды екенін біртіндеп түсіне бастады. Жалпы, Нұрсұлтан Әбіш-ұлымен жиі хабарласып тұрасыз ба? – Әрине, Нұрсұлтан Назарбаев ұзақ жыл бойы ел тізгінін ұстаған уақытта кемшіліктер болды. Бірақ ештеңе істемеген адам ғана қателеспейді. Ашығын айту керек, ол отставкаға кеткеннен, Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы болып отырған кезде саяси сыпайылықты сақтай бермейтін. Мұны да айта кеткен жөн. Үнемі Премьер-Министрді, Ұлттық банктің төрағасын, министрлерді, әкімдерді шақырып алып, жиналыс өткізетін. Бұған өз азаматтарымызды білмей қойғанда, шетел басшылары мен дипломаттары да тандана қарайтын. «Назарбаев

қызметінен кеткен соң тіпті жоғарылады, енді Президент те оған бағынады» деген әзіл әңгіме де пайда болды. Ал, шын мәнінде, бұл әзілдейтін жағдай емес еді.

Бұл жағдай қосарланған билік туралы алып қашпа әңгіменің өршуіне әкеп соқты. Шенеуніктер де кабинеттен кабинетке жүгіріп, кімнің тапсырмасын орындайтынын білмей дал болатын. Ол аз десеңіз, кейбір шенеуніктер «Елбасы институты Президент билігінен жоғары тұруға тиіс» деп, ақылға сыймайтын жағдайды заң жүзінде негіздеме болды. Нұрсұлтан Назарбаевтың 2021 жылғы қарашада өткен Astana Club жиынында 92 жастағы Махатхир Мохаммадты мысалға келтіріп, өзінің Ақордаға қайтып келуі мүмкін екенін мәлімдеуін және бұрынғы президенттің сол жылы желтоқсан айында Санкт-Петербург қаласында өткен ТМД елдерінің саммитіне қатысуын нағыз билік дағдарысына әкеп соқтырған негізгі оқиғалар деуге болады. Соның алдында ғана жергілікті бір саясаттанушы оған «Елбасының алтын дәуірін» қалпына келтіру үшін батыл шаралар қабылдау қажеттігін айтып, араңдатушылық мазмұндағы хат жолдаған еді.

Алайда қазір парасаттылық танытып, Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстанға сіңірген тарихи еңбегін лайықты бағалау керек. Мен Президент ретінде мемлекет мүддесін басшылыққа алуға, ел бірлігін бәріннен биік қоюға міндеттімін.

Сіздің сұрағыңызға келсек, қазір біз шамамен айына бір рет телефон арқылы сөйлесіп тұрамыз.

“ПУТИНМЕН ОРТАҚ ӘҢГІМЕЛЕРІ БАР ШЫҒАР”

– Жақында тұңғыш президенттің Мәскеуге барып, Владимир Путинмен кездесуі жұртшылық сан-сақса жүгіртті. Биліктен кеткеннен кейін бес жылдан соң бұлай жүздесудің ақылға сыймайтыны айтылды. Қазақстанда алдағы уақытта Президент сайлауы өтеді-міс деген баяламдар да пайда болды. Мұндай кездесу кімге және не үшін қажет, бұған кім бастамашы болды?

– Нұрсұлтан Назарбаев пен Владимир Путиннің желтоқсандағы кездесуі өткен жылдағы екінші жүздесуі ғой деймін. Куз басындағы бірінші кездесу туралы бұқаралық ақпарат құралдарында айтылған жоқ. Олар байырғы достар әрі әріптестер ретінде жүздесетін болса керек, ортақ әңгімелері де бар шығар. Мұндай кездесулер әдетте Нұрсұлтан Әбішұлының бастамасымен өтеді. Ол үшін мұның маңызы зор. Бұрынғы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы, партия басшысы және егемен Қазақстанның президенті ретінде Нұрсұлтан Әбішұлының Кремльмен тығыз моральдық және саяси байланысы барын естен шығармаған жөн. Оның талай уақыты Мәскеуде өтті, сан мәрте іссапарға барды, сөз-сөздік пленум отырыстарына қатысты, жұмыс бабымен және ресми сапарлармен де болды.

МЕМЛЕКЕТТІҢ ТҰРҒЫДАҒЫ ҚАҒИДАТЫ

– Сіз «Заң мен тәртіп» қағидасы туралы жиі айтасыз. Кейбіреулер мұны қоғамға «кылбұрау салу» деп қабылдап жатыр.

– «Заң мен тәртіп» қағидасы құқық қорғау саласына ғана арналған деп тұжырымдаған дұрыс болмайды. Мен бұл қағиданы тереңірек түсінемін. «Заң мен тәртіп» – мемлекеттік құрылыстың басты қағидаты. Бұл ретте жазалау шараларын қолдану арқылы қоғамға жаппай бақылау орнату туралы айтып отырған жоқпыз. «Заң мен тәртіп» қағидаты – шын мәнінде кемел демократияның тірегі, құқықтық мемлекеттің негізі. «Заң мен тәртіпке» бағынбасақ, құқық нормаларына құрметпен қарамаसाқ, Әділетті Қазақстанды құрып, оны өркендеген мемлекет ете алмаймыз.

Сондықтан біздің міндетіміз – бұл қағидатты еліміздің құндылықтар жүйесіне барынша өкірітіріп, халық болмысының, қоғам өмірінің ажырамас бөлігіне айналдыру. «Заң мен тәртіпті» берік орындыру үшін көп уақыт пен күш-жігер қажет екенін түсінемін. Себебі бәрі бірдей бұл қағидатты қатаң ұстануға, оны өмір салтына айналдыруға әлі дайын емес. Бірақ талаптанған адам қалайда мұратына жетеді.

ТАЛҒАР ОҚИҒАСЫНЫҢ СЯСИ СИПАТЫ ЖОҚ...

– Талғардағы қылмыстық оқиға ел ішінде үлкен дүрбелең тудырды. Жұртшылық Сіздің осы жағдайға қатысты пікіріңізді білгісі келеді.

– Талғардағы оқиғадан кейін құқық қорғау органдары қажетті шаралардың бәрін қабылдады. Күдіктілер қамауға алынды. Тергеу-тексеру жұмыстары аяқталуға жақын. Көп ұзамай осы іске қатысты сот болады. Бұл оқиғаға орай құзырлы органдар қабылдаған барлық шара заң талаптарына толық сай келеді. Ал басқаның бәрі – құр дақпырт пен теріс пияғалды кейбір топтардың осы жағдайға саяси сипат беруге деген ұмтылысы ғана. Бұған жол беруге болмайды.

“МАҢЫЗСЫЗ ЗАҢ БОЛМАЙДЫ, ЗАҢНЫҢ БӘРІ МАҢЫЗДЫ”

– Былтыр көптеген заңнамалық жаналық болды. Қабылданған

заңдардың ішінен қайсысы маңыздырақ деп ойлайсыз?

– Әйелдердің құқығын қорғауға және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған заң қабылданды. Бұл құжатта тұрмыстық зорлық-зомбылық сияқты, тұрасын айтқанда, маскара әрекеттердің тамырына балта шабу көзделген. Әйелдер мен балаларға қатысты қандай да бір зорлық-зомбылық жасағандарға жаза күшейтілді. Оған қоса, жас балаларды өлтірген немесе зорлаған адам өмір бойы бас бостандығынан айырылатын болды. Көмелетке толмағандарды басынып, мазак қылғандар енді әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Бұл талап алғаш рет заң жүзінде бекітілді.

«Келесі» атты бірінғай ерікті жинақтаушы жүйенің заңнамалық негізін қалыптастыру үшін көп жұмыс атқарылды. Онда жинақталған қаржыны Қазақстанның және шетелдің колледждері мен жоғары оқу орындарында білім алу, сондай-ақ тұрғын үй алу үшін жұмсауға болады.

Азаматтардың үсті-үстіне несие алып, қарызға бағуына жол бермеуді көздейтін заң қабылданды. Соған сәйкес несиеcін 90 күннен артық уақыт төлей алмай жүрген адамдарға кәсіпкерлікке қатысы жоқ несие беруге тыйым салынды. Сондай-ақ адамдар несие алуға өзіне өзі тыйым сала алатын болды. Медицина қызметкерлерін құқықтық жағынан қорғау шаралары күшейтілді, оларға берілетін әлеуметтік кепілдіктер жақсарды. Балалар мен жастардың арасында жаппай тарап, нағыз індетке айнала бастаған вейптерді сатуға және таратуға тыйым салынды.

Есірткі әділдігі үшін берілетін жаза қатайды. Ондай қылмыс жасағандар 15–20 жылдан бастап өмір бойы бас бостандығынан айыруға дейін жазаланады. Есірткінің белгілі бір жерге тығып кететін курьерлер мұндай қылмысты алғаш рет жасаса және әрекетінің салдары ауыр болмаса, 5 жылдан 8 жылға дейін бас бостандығынан айырылады.

Лудоманиямен күреске қатысты заң күшіне енді. Құжатта бұқмекерлік кеңселер мен тотализаторлардың жарнамасына әлеуір шектеу қойылды, көмелетке толмағандарды құмар ойынға тартқаны үшін әкімшілік жауапкершілік белгіленді, аты-жөні борышкерлердің бірінғай тізіміне енгізілген адамдардың құмар ойын ойынауына тыйым салынды.

Тағы бір маңызды заңнамалық жаналық – бұзақылық және вандализм жасаған, біреудің мүлкін қасақана бұлдірген адамдарға берілетін жаза қатайды.

СЯСИ РЕФОРМАЛАР ЖАСАЛЫП БІТТІ

– Сіз реформалардың үздіксіз жалғастырылып бірнеше рет айттыңыз. Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің алғашқы форумында елімізді одан әрі жаңғырту үшін тың бастамалар көтеріліп, шешімдер қабылданатынын аңғарттыңыз. Бұл қандай бастамалар? Саяси реформалар жалғаса ма?

– Негізгі саяси реформалар жасалып бітті. Оның бәрі қоғамда жан-жақты талқыланғаны, ақырында көпшіліктің қолдауына ие болды. Соның арқасында негізгі саяси институттардың бәрі ашық әрі тиімді бола түсті, билік тармақтары арасындағы тепе-теңдік және тежемелік жүйе күшейді, ең бастысы, азаматтардың саяси өмірге белсенді араласу мүмкіндігі әлеуір артты.

Қазіргі таңда көптеген реформа іс жүзінде жүзеге асырылып жатыр. Біздің бағытымыз айқын, максатымыз белгілі. Соған сәйкес, алғашқы нәтижелер де бар. Бірақ реформа – ұдайы жүретін үдеріс. Қоғамда нақты сұраныс болса, жана реформалар әзірленеді. Реформалар елді өркендету ісінің ажырамас бөлігі болған, бола да береді.

ПРЕЗИДЕНТТІК БАСҚАРУ

– ЕҢ ҰТЫМДЫ ТӘСІЛ

– Қазақстанды парламенттік басқару жүйесіне көшіру үшін іргелі реформа дайындалып жатыр деген ақпарат тарайды. Шынымен солай ма?

– Мемлекеттік биліктің саяси жүйесін таңдау – айрықша жауапты шешім. Мұндай шешімдер үркердей топтың оңаша басқосуында емес, тек қана жалпы-халықтық референдумда қабылдануы керек. Менің «Үшті Президент» – Бқпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» атты тұжырымдамам Қазақстанның саяси жүйесіне ең қолайлы тұжырымдама екеніне сенімдімін. Бірақ оны толығымен жүзеге асыру үшін біз әлі талай жұмыс істеуіміз керек. Президенттік басқару тәсілі Қазақстан үшін қазір де, тауу кезінде де ең ұтымды тәсіл деп сенемін.

ПАРЛАМЕНТ САЙЛАУЫ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ӨТПЕЙДІ

– Елімізде мерзімінен бұрын парламент сайлауы бола ма? Бұл туралы қазір жиі айтыла бастады. – Мұндай баяламдар бар екенін білемін. Бұл ақпарат әдейі таратылып жатыр деп ойлаймын. Біздің елде жана Үкімет жұмысына кіріскен бетте оның отставкаға кететіні туралы әңгіме тарайды. Парламент туралы да дәл солай деуге болады. Мен Парламент депутаттары азаматтық және саяси жауапкершілік танытып, жақсы жұмыс істеп жатыр деп ойлаймын. Ал Үкімет – ауыс-түйіске бейім құрылым. Оның құрамында түрлі жағдайға, оның ішінде «Апапат» партиясының және Парламенттегі басқа да партиялардың ұстанымына байланысты өзгерістер болуы мүмкін.

Меніңше, Парламент сайлауын мерзімінен бұрын өткізуге әзірге еш негіз жоқ. Сайлау заңда белгіленген мерзімдерге сәйкес өтеді. Парламент өзіне тиесілі мерзім аясында қызметін атқаруға құлықты. Ал Үкімет бекітілген бағдарламалар мен жоспарларға сәйкес әрекет етіп, оң нәтижеге жету үшін жұмыс істеп жатыр. Стратегиялық міндет – тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ету, еліміздің өңірдегі көшбасшы мәртебесін нығайту.

КҮРЕС ТОҚТАМАЙДЫ

– Жалпы, шенеуніктердің ұсталғаны туралы түрлі ақпараттар елімізде жемқорлық өршіп тұрғандай әсер қалдырады. Шынымен де солай ма?

– Қазақстан жемқорлыққа қарсы күрес жолында ең озық халықаралық стандарттарды, соның ішінде Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы енгізіп жатқан талаптарды басшылыққа алады. Бұл – өте жоғары талап, біз соған сай болуымыз керек. Бұған қоса, мен сыбайлас жемқорлықпен күресуге жауапты мекеменің басшыларына науқаншылыққа салынып, байыпты шешімдер қабылдау қажеттігін үнемі айтып отырамын. Өйткені әрбір шешімнің артында адам тағдыры тұр.

Ал шенеуніктердің ұсталғаны туралы ақпараттың жиі шығуы биліктің абыройына белгілі бір деңгейде нұқсан келтіргенімен, мемлекеттің ашық жұмыс істейтінін көрсетеді. Бірақ мұндай қадамсыз «Заң мен тәртіп» қағидаттарына негізделген әділетті мемлекет құру мүмкін емес.

АСТАНАДА ӘСКЕРИ ШЕРУ ӨТЕДІ

– Биыл Ұлы Жеңістің мерейлі белесін атап өтеміз. Басқа да көптеген мемлекет сияқты, Қазақстан үшін де бұл датаның символдық мәні зор. Осыған орай қандай іс-шаралар жоспарланып отыр?

– Биылғы мемлекеттік іс-шаралардың ішінде Ұлы Жеңістің 80 жылдығы ерекше орын алады. Қазақстандықтар нағыз талқандауға әлеулі үлес қосты. Біздің аталарымыз бен әкелеріміз барлық майданда жанқиярлықпен соғысты. Оның үстіне, Қазақстан әскерді қару-жарақпен, өнеркәсіп өнімдерімен және азық-түлікпен қамтамасыз ету ісінде маңызды рөл атқарған сенімді тыл болды.

Жеңісті мерекелеуге арналған жоспарда көптеген іс-шара қамтылған. Оның ең бастысы – Астанада өтетін әскери шеру. Соғыс және тыл ардагерлеріне құрмет көрсетіледі, ешкім де әлеусіз қалмайды. Концерттер мен көрмелер өтеді, деректі фильмдер мен бағдарламалар түсіріледі, тарихи кітаптар мен фотоальбомдар шығарылады. Жауынгерлеріміздің есімін ел жалында сақтау үшін зерттеу жұмыстары жалғаса береді. Б.Момышұлының – 115, М.Ғабдуллиннің – 110, Ә.Молдағұлованың 100 жылдығы салтанатты іс-шаралар тізіміне кіреді.

“ШЕТЕЛГЕ ШЫҒУ

“БАРСАКЕЛМЕСКЕ” КЕТУ ЕМЕС”

– Жастарымыздың білім қуып немесе жұмыс іздеп шетелге шығуына қалай қарайсыз?

– Рас, бүгінде жастардың көбі білім алу немесе қызметте осу үшін шетелге шыққысы келеді. Бұл – жаһандану үдерісінің бір ерекшелігі. Оған түсіністіктен қараған жөн.

Жастардың кәсіби біліктілігін көтеру немесе көбірек табыс табу үшін шетелге шығу қалыпты нәрсе деп ойлаймын. Олар үйреніштікі мекенін тастап, өмірін күрді өзгертуден қорықпауы керек. Тіршілікке бейім, ширақ болуға тиі

АХАТОВ АЛАШТЫҢ

2024:

Қаламыздың бюджеті жыл басында **58,2 млрд.** теңгемен бекітілсе, **Президентіміздің, Үкіметтің** ерекше қолдауының және **аймақ басшысының** үйлестіруінің нәтижесінде жыл қорытындысымен **113,1 млрд. теңге** болды, яғни **94,3 пайызға** артты.



Қызылорда қаласында негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі **260 млрд. теңгені** құрап, **111,8 пайызға** артты.

- Құрылыс жұмыстарының көлемі **127 млрд. теңгені** құрап, **171 пайызға** артты.
- Бөлшек сауда көлемі **390,9 млрд. теңгені** құрап, **105,6 пайызға** өсім алды.



- **8 298 гектар** жерге ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылып, мерзімінде толық жиналды.
- Негізгі дақыл күріштің **3 856 гектарына** алынған өнім **51,5 центнерді** құрады.
- Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы өнім көлемі **14,8 млрд. теңгені** құрап, алдыңғы жылмен салыстырғанда **103 пайыз** болды.



- «Қазақстан Темір Жолы» компаниясы мен жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен **600 млн. теңгеден астам** қаржыға **теміржол вокзалы** күрделі жөндеуден өтті.



- **2 032 пәтерлі 44 көпқабатты тұрғын үйдің** құрылысы жүргізілді. Оның ішінде **984 пәтерлі 18 тұрғын үй** бюджет есебінен, **1048 пәтерлі 26 тұрғын үй** жеке инвестициялар есебінен салынды.



- Құны **30 млрд. теңгеге** жеке кәсіпкерліктің **1 мың 409 жобасы** қаржыландырылды.
- Президент бастамасымен қолға алынған «Ауыл аманаты» жобасы аясында **142 млн. теңгеге 16 жоба** жүзеге асты.
- Ауыл шаруашылық өнімдерін өңдеуді дамытуға бағытталған пилоттық жоба аясында **374 млн. теңгеге 17 жаңа өндіріске** қолдау көрсетілді.
- Қала кәсіпкерлерінің саны **33 мыңнан**, ондағы жұмыспен қамтылған адамдар саны **65 мыңнан асты**.
- Шағын және орта кәсіпкерлікпен **300 млрд. теңгеге** өнім өндірілді.
- Электр энергиямен қамту бағытында **құны 4,8 млрд. теңгеге 9 жоба жүзеге асырылуда**. Нәтижесінде электр желілерінің тозу деңгейі **62 пайызға дейін** төмендеді.
- Мемлекет басшысының, Үкіметтің тікелей қолдауымен, облыс әкімінің үйлестіруімен қалада **215 млрд. теңгеге** қуаттылығы **240 мегаватты** құрайтын **жаңа жылу электр орталығының құрылысы салынуда**.

- Инвестор – «Акса Энерджи» түрік компаниясы. **Жаңа жылу-электр станциясы** – мемлекетіміздегі инвестор қаржысына салынған ең ауқымды жобалардың бірі. Ол келер жылы ел игілігіне табысталады.
- Президент қолдауымен, облыс әкімінің бастамасымен Қызылорда қаласы **ыстық сумен қамтамасыз етілуде**. Жоба құны **26 млрд. 200 млн. теңге**. Келесі жылы беру маусымында қала **толық ыстық сумен** қамтылады.
- «Сүмен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту» бағдарламасы аясында **құны 7,6 млрд. теңгені құрайтын 29 жоба** жүзеге асырылуда. Оның 2024-ке қаралған қаражат көлемі **3,6 млрд. теңге**.

Аймақ басшысының қолдауымен қаланың жол-көлік инфрақұрылымын дамытуға **36 млрд. теңге** қаралып, **99 көшеге** жол құрылысын салу, қайта жаңғырту, күрделі және орташа жол жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Облыс орталығының негізгі көшелері: Әуешайдан – Бейбарыс көшесіне дейінгі аралық, қалаға оңтүстік аудандардан келетін **кіре беріс** жолы, магистралды **Яссауи, Жаппасбай батыр, Көшербаев** көшелері төрт жолақтыға ауыстырылса, **Тәуелсіздіктің 25 жылдығы** даңғылы (С.Бейбарыс көшесінен **Әбілқайыр хан көшесіне дейін**) дәл осылай кеңейтілуде.

2,3 млрд. теңгеге 54 көшеге жаяу жүргіншілер жолы салынып, **1,4 млрд. теңгеге 84 көше** жарықтандырылды.

Сыр өңіріне жасаған сапарында Үкімет басшысы **Олжас Абайұлы Қорқыт Ата әуежайының жаңа терминалын** салтанатты түрде ашты. Жобаны іске асыруға Болат Өтемұратов қоры **16 млрд. 600 млн. теңге** инвестиция салды. Жергілікті бюджеттен **4 млрд. 300 млн. теңгеден астам** қаражат бөлініп, терминалға инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым жүргізілді.

Мемлекеттің тенгеріміндегі жаңа терминал Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының (IATA)

және Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ICAO) **жоғары стандарттарына** сәйкес келеді.

Құны **619,3 млн. теңгеге 23 тұрғын үйдің** аулаішілік жолдары жөнделіп, абаттандырылды.

Тұрғындардың өтінішіне сәйкес **25 көпқабатты тұрғын үйдің** ауласында орналасқан балалардың ойын алаңдарына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

20 көпқабатты тұрғын үйдің қасбеті бюджет есебінен 792 млн.теңгеге линейрлық панельмен қапталып, демеушілік есебінен 200 млн. теңгеге **77 көпқабатты тұрғын үй мен бірнеше өлеуметтік нысанның** қасбеті заманауи үлгіде әрленді.

Білімге салынған инвестиция-болашақ негізі. Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «**Жайлы мектеп**» ұлттық жобасы аясында қаламызда **5 мектеп** салынуда. Соның біреуі **900 оқушыға** арналған мектеп. Ол қаланың сол жағалауынан ашылып, оқушыларын қабылдады.

«ҚазГермұнай» компаниясының демеушілігімен **2 млрд. 500 млн. теңгеге** заманауи үлгідегі **350 орындық Оқушылар сарайы** пайдалануға берілді.

Жаңадан **облыстық «Қан орталығы»** пайдалануға берілді.

Руханият жылында көпфункционалды **1000 орындық «Өнер» орталығы** пайдалануға берілді.

Сыр мәдениетінің негізгі бренді **жыраулық дәстүр** өкілдерінің көптен күткен тілегі – **Жыраулар үйі** ашылды.

Соңғы 2 жылда «**Анаға тағзым**», «**Отбасы орталығы**» салынып, жаңадан **симфония оркестрі, инклюзив театр, жастар театры, заманауи би, хор ұжымдары** жасақталды.

«**Самұрық қазына траст**» қорымен **бірге құны 3 млрд. 400 млн. теңге** болатын **Үстел теннисі** орталығы салынып, ел игілігіне пайдалануға берілді.

Президент бастамасымен қолға алынған «**Таза Қазақстан**» экологиялық бағдарламасы аясында қалада **санитарлық тазалық, абаттандыру**, тұрғындардың өмір сүруіне **қолайлы жағдай** жасау бағытында **көшпенді жұмыстар** жүргізілді.

Аймақ басшысының қолдауымен қалаға қарасты коммуналдық мекемелерге **53 арнайы техника** алынды.

Қала тұрғындары мен қонақтарының сүйікті демалыс орнына айналған **Орталық алаң** демеуші есебінен **1 млрд. теңгеге** жаңғыртудан өтті.

Қала әкімдігі «**Қорқыт Ата**» атындағы **Қызылорда университетімен** бірлесіп, «Агро-биологиялық» бағын демалыс саябағына айналдыру жұмыстарын жүргізді.



- Құны **975 млн теңгені** құрайтын заманауи үлгідегі **автовокзал** ғимараты салынды.
- Аймақ басшысының қолдауымен алынған **300 жаңа автобус** бағыттарға қосылып, қоғамдық көлік мәселесі толығымен шешілді. Одан бөлек, құны **1 млрд. теңгені** құрайтын **100 экотакси** қызылордалықтарға қызмет көрсетуде.

ТОЙЫНА ДАЙЫНДАЛУДА

2025:

Қызылорда қаласының әкімі Н.АХАТОВ:

- Өлемдегі геосаяси ахуалдың күрделі болғанына қарамастан Ұлу жылы **мемлекетіміз үшін** жемісті болды. Елімізде соңғы кездері қабылданған **саяси реформалардың жүзеге асырылуымен** ерекшеленді.

Атырау қаласында ұлт рухын көтерер **Ұлттық құрылтайдың** үшінші басқосуы өтті.

Жерлестеріміз тарихи шешім қабылдар референдумда өз таңдауларын жасады. Маңызы зор **саяси шараларда** қызылордалықтар бірлік пен тату тірліктің үлгісін көрсетіп, **алдыңғы қатардан көрінді.**



бітеді.

Еліміздің бас қаласы-Астана бағытынан кіретін Сағымбаев көшесіне қайта жаңғырту жұмыстары бастау алады.

Сырдария жағалауының бойынан Ескі базар мен Мерей м/а аралығына жаңа жол салу жоспарға енді.

Құны **5.1 млрд.тенгеге** Жанқожа батыр көшесі арқылы өтетін теміржол асты автожолы, қала мен Тасбөгет кентін байланыстыратын Қызылжарма каналының үстінен өтетін **автожол кепірінің** құрылыстары салынууда.

Жобалардың қатарында жаяу жүргіншілер жолы мен жарықтандыру да бар.

21 тұрғын үйді қайта жаңғырту үшін **1.9 млрд. тенге** қаралды.

Аймақ басшысының үйлестіруімен **8 млрд. 400 млн.** тенге болатын дарынды балаларға арналған **300** орындық жатақханасы бар **400** орындық **физика-математика** мектеп-интернаты салынууда.

«Саутс Ойл» компаниясының демеушілігімен **4 млрд. 800 млн. тенгеге** жаңа **музыкалық колледж** салынууда.

Халықтың денсаулығын жақсарту – басты мақсат. Бір ауысымда **100** келушіге арналған емханасы, онкологиялық бөлімшесі бар **300** орындық көпбейінді аурухананың құрылысы (**36,4 млрд. теңге**) жүруде.

200 төсекорынға арналған **перинаталдық орталық** құрылысы жалғасуда.

2 млрд. 300 млн. тенгені құрайтын облыстық **тарихи-өлкетану музейі** салынууда.

Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын шыңдау мақсатында **құны 11 млрд. тенгені** құрайтын **«Шығармашылық академиясының»** құрылысы жүруде.

Халықаралық стандарттарға сәйкес 11 мың орындық Орталық стадион бой көтеруде.

Жақын күндері **19 млрд. тенгеге** **«Қызылорда Арена»** көпбейінді спорт кешенінің құрылысы басталады.

Қалалық мәдени және демалыс паркін жаңғырту жұмыстары басталады. Сондай-ақ Тұңғыш Президент, Денсаулық, Батырхан Шөкенов атындағы саябақтары мен Қорқыт Ата мемориалы аллеясы да жаңғыртылады.

Сырдария өзенінің үстінен Астана мөлтек ауданы мен Тұңғыш Президент және Денсаулық саябақтарын байланыстыратын жаяу жүргіншілер көпірін салу жоспарда бар.

Халыққа ең қажетті саналатын көгілдір отын тарату мақсатымен **1.2 млрд. тенгеге** **Ақжарма елді мекенінің, 3.1 млрд. тенгеге** **Сабалақ саяжайын және 631 млн. тенгеге** қалада көгілдір отын желісі жүргізілмей қалып қойған шағын аудандарды (ақ дақтарды) газдандыру жүзеге асырылууда.

Алдағы жылға **Қызылөзек ауылдық округі және Бірқазан елді мекенінің** көгілдір отынмен қамту негізгі жоспарға енгізілді.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен және облыс әкімінің үйлестіруімен **Қызылорда қаласынан Ақтөбе облысының шекарасына** дейінгі **566 шақырым** жолды **1-санатқа** ауыстыру бойынша жоба-сметалық құжаттамасы әзірленуде (**жобамен 1,2 трлн.теңге**). Алдағы **наурыз айында** құрылысы басталады.

2022 жылы республикалық маңызы бар **«Қызылорда-Жезқазған»** автомобиль жолының 140 шақырымына реконструкциялау жұмыстары (**108,5 млрд. теңге**) аяқталып, қалған бөлігі биыл

68 апаттық тұрғын үй деп танылған

2024 жылы жаңа пәтерлер сатып алынды



135 пәтер

2025 жылы жаңа пәтерлер сатып алынады



135 пәтер

673 санат бойынша тұрғын үй алу кезегіне тіркелген отбасы



7 қабатты 10 үй тұрғындарға табысталды. Жалпы, өткен жылы **2 713 пәтер кілті табысталды**. Қазіргі таңда қалада **68 тұрғын үй (60 көппәтерлі, 8 жеке жер үй)** апаттық деп танылған. Аталған санат бойынша тұрғын үй алу кезегінде **673 отбасы** тіркеуде тұр. 2024-ші жылы **135 отбасыға** жаңа пәтерлер сатып алынды. Биыл тағы **135 отбасына** жаңа пәтер сатып алу жұмыстары жүргізілетін болады.

ДАҢҒЫЛ ЖАҢҒЫРТЫЛУДА



Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Парламент Сенатының депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мәжіліс депутаттары Мұрат Ергешбаев, Мұрат Өбеновпен бірге қаладағы "Тәуелсіздікке - 25 жыл" даңғылын қайта жаңғырту жұмыстарының барысын көрді. Өткен жылдан бері Сұлтан Бейбарыс көшесінен Өбілқайыр хан

көшесіне дейінгі Сырдария өзенінің қорғаныш бөгеті нығайтылып, аталған даңғылдың 6,7 шақырымы қайта жаңғыртылуда.

Мердігер мекеме «Уад» ЖШС бұған дейін, 1,2 шақырым кеңейтілетін аумаққа асфальт төседі. Сонымен қатар Сырдария өзенінің қорғаныс бөгеті тазаланып, 2,6 шақырымға жуық дамба нығайтылды және 1,2 шақырым

тіреу қабырғасы тұрғызылды.

Бүгінде қосымша жер телімдерін сатып алу қажеттілігі туындап, зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Аймақ басшысы Н.Нәлібаев қала әкімі Н.Ахатовке даңғыл көлік қатынасы мен жаяу жүргіншілерге ұзақ жыл қызмет етуі үшін құрылысты сапалы жүргізіп, межеленген уақытта бітіру керек екенін ескертті.



ҚОСЫМША ҒИМАРАТ МЕКТЕПТІ КЕҢЕЙТТІ

Биылғы жыл 1964 жылдан бері талай ұрпаққа білім нәрін берген қаладағы С.Сейфуллин атындағы №4 ІТ мектеп-лицейі үшін жағымды жаңалығымен басталды. 2024 жыл соңында мектептің қосымша оқу ғимараты салтанатты түрде ашылды. Бұл ғимарат – білім алушыларға заманауи әрі қолайлы орта жасау үшін жүзеге асырылған маңызды жоба.

Білім ордасының ашылу салтанатына облыс әкімінің орынбасары Байманов Шахмардан Асқарұлы, басқарма басшысы Есжанов Асқарбек Темірбекұлы мен аймақ ардагерлері мен білім саласы қызметкерлері мен ата-аналар қатысты.

Облыс әкімінің орынбасары Ш.Байманов жиналғандарды мектептің қосымша ғимаратының ашылуымен құттықтап, бұл ғимарат тек білім ордасының қабырғасы ғана емес, ұрпақ болашағының іргетасы болып қаланатынына сенімін білдіріп, ұстаздарға - шығармашылық табыс, оқушыларға – биік белестер мен жарқын жетістіктер тіледі.



Жаңа оқу ғимараты оқушылар санының артуына байланысты мектептің сыйымдылығын кеңейтуге және сапалы білім беруді жалғастыруға мүмкіндік береді. Орталықтандырылған жылу жүйесімен қамтылған, заманауи жабдықталған жаңа ғимарат оқушылардың оқу үдерісін барынша тиімді ұйымдастыруға арналған. Қазіргі таңда мектепте 912 оқушы білім алууда.

Мектептің педагогикалық құрамы да мақтауға тұрарлық. Атап айтар болсақ мектептегі 112 мұғалімнің 12-сі – магистр, 43-і – зерттеуші санатындағы ұстаздар. Сонымен қатар 250 оқушы пәндік үйірмелерге, 673 оқушы спорттық секцияларға белсенді қатысуда. Бұл – білім мен тәрбие беру жұмысының жоғары деңгейде жүргізіліп жатқанының айқын дәлелі.

Жаңадан ашылған оқу ғимараты – мектептің өсіп-өркендеуінің тағы бір белгісі. Бұл – тек мектептің ғана емес, бүкіл білім саласының ортақ жетістігі.

Акмешіт Акшамы

Кітапхана

“АЛАШ” ТУЫНЫҢ ЖЫРТЫЛУЫ

Әміре сияқты әншіге, Иса сияқты акына, Қажымұқан сияқты балуанға серік болғандықтан Орынбор мен Акмешіттің арасындағы көзді талдыратын шетсіз-шексіз шөл даладан, бұйра құмдардан қалай өтіп, Акмешітке қалай таянғанымызды аңғармай да қалыппыз. Біз келе жатқан состав әлдене разьезге тоқтай қалу себебін проводниктен сұрасақ (бұған дейін разьездерге тоқтамай келе жатқанбыз):

– Бұйрық солай, - дейді ол.
– Не үшін берілген, ондай бұйрық?
– Білмеймін. Менің білетінім, Акмешітке дейін бұдан басқа разьезді де, станция да жоқ.
– Қанша жер, сонда Акмешіт?
– Он километр.
– Сен барып білсейші, неге тоқтағанын, - деді Қажымұқан.

Ол айтай-ақ білім келіп тұрған адам, вагоннан түсіп қарасам, составтың орта тұсындағы “үкімет вагоны” аталатын екі вагоннан да адам жерге көбірек түсіп жатыр екен, өзге вагондардан там-тұмдап қана.

Бергі “үкімет вагоннда” обкомның бірінші секретары Нанейшвили мен ұймдастыру бөлімінің менгерушісі Сұлтанбек Қожанов келе жатқан. Неге тоқтауын білім келп, жұрт жиналған “үкімет вагондарының” қасына барсам, қызық оқиға болғалы жатыр екен: қайдан және қашаннан келе жатқан саит екенін білмеймін (меніңше, ондай саит бұрын да, кейін де болған емес), паровоз алдына релстен жүретін аласа темір вагонетка тіркеліпті де, КирЦИК председателі Сейтқали Мендешев пен секретары Аралбаев соған мініп, состав Акмешітке дейін ақырын ғана жылжып баратын бопты. Оларды вагонеткаға Қожанов және республика наркомдары апарып мініпті. Сонда мені көрген Сұлтанбек:

– Сәбит, сен де мін! – деді маған.
– Неге, Сұлтеке?
– Сен газетші емесіңің? Ақын емесіңің және де? Мін, қызық болады.

Онысы рас екен. Пойыз ақырын жылжи бастады. Оның жүрісіне жаюу кісі де ілесетін. Жолдың екі жағынан да ойдым-ойдым қамысты саздар кездесіп отырады екен, әйтпесе жол бойы анталған қалың адам составты бөгеп, жүргізбей де қоятын. Жылжыған составқа жаюу да, көліктің де (аттылы, түйелі, өгізді, есекті...) ілесе алатын болған соң сазсыз жерге лап қойып алдымызды қоршап алады да, паровоз үздіксіз және қақты бақырған соң, әрең сырғып жол береді. Олар составты жай қоршамай, у-шу, азан-казан дауыспен қоршап, құлақты тұндырып жібереді. Оған паровоздың үздіксіз өкіруі қосылғанда естен танғандай болсаң.

Қазақта “Адам үш күннен кейін көрге де үйренеді” деген макал бар. Сол айтқандай, мен лезде шұға да үйрендім. Маған шуласа қарсы алған халық та қызық. Бірақ олар сюжеттес нашар кинокартинада көз алдынан тез өтіп, көңілде сақтан үлгермейтін объектілер сияқты мидан көріп орны ала алмайды. Өлгенше естен кетпестей әсер қалдырып келе жатқадар – қасымдағы Мендешев пен Аралбаев.

Аралбаев биік қапсағай бойлы, жуан сүйекті адам болатын. Басқа түркістандықтардай ол да Қожановқа еліктеп, қара мұртын ернін жіектей қырақатып; сұрғылтпа беті сопақтау, көздері бадырайған ұлкен де. Түркістан жігіттерінің көбі Орынборға қара барқытпен тыстаған, түбті қалың қызыл түлкіден бөрік киіп келген. Бөріңде де жалпақ қайыс белбеу буынған гимнастерке, бөріңде де балағын етікке сұққан шалбар бар. Бұл түрді де жұрт Қожановтың модасына жоритын. Аралбаев солардың бірі де.

Маған былайша құрғақ адам сияқтынағын бұрын сыйбайлас болмаған Аралбаев, вагонетка үстінде басқаша болып шықты. Ол айғайшыл, елірме жігіт екен. Жолшыбай құттықтаған жұртқа сол ғана жауап беріп, даусы жеткенше, күре тамыры білудей болғанша айғай салады. Кейде түлкі бөркін қолына ұстай тұраған кетіп қиқулайды. Қалың жұрттың ішінен оның танысы да көп, біреулері атын атап қана ауызша амандасады да, біреулері қолын ұстап қалады, енді біреулері вагонеткаға отырып, біраз жерге дейін барып түседі...

Қалың жұрттың арасын осылайша

КӨҢІЛДІ САПАР

Біріккен Қазақ республикасының советтік бесінші съезі Акмешітке өтетіндігі жоғарыда айтылды. Бұл сапарға даярлық апрельдің алғашқы күндерінен басталды. Сапарға атсалысу үшін “Еңбекші қазақ” газеті де даярлыққа кірісті.

Съезд апрельдің екінші жартысында өтпек. Одан бір ай бұрын Акмешіт қаласына “Еңбекші қазақ” газетінің өкілі боп Бейімбет Майлин жүріп кетті. Садуақасов Акмешітке съезден жарты ай бұрын жүріп кетті де, орнына Молдағали Жолдыбаев қалды. Съезге баратын делегаттар аттанардан бір жұма бұрын Молдекең мені шақырып алды да, “Еңбекші қазақтан” тілші боп баруды ұсынды. Ішкі ықыласым ұната калып: “Мені газет қызметінен айыптап шығардыңыздар ғой, одан кейін қайта қызмет атқарудың мәні қалай болады?” – деп палденген болып ем.

– Сөзі қой! – деді Молдекен қолын сілтеп, - бар деген соң бара бер! Саған бұл ұсынысты жайдан-жай жасап отырған жоқпын. Біреулердің газетке белсенділігі жеткенмен партиялық жетпейді; ал енді біреулердің партиялық жеткенмен белсенділігі жетпейді. Сенде осының екеуі де бар деп ойлаймын.

Бұрынғы Қазақстанның Акмешіттің бесінші съезге баратын делегаттары әуелі Орынборға жиналып, содан арнаулы

қақ жарған пойыз Акмешіт станциясына келіп тоқтады. Ол арада да ошарылған халықта қисап жоқ екен. Орынбордағы милиция мектебінің курсанттары бар, республикалық және жергілікті милиция қызметкерлері бар - бәрі жиналып, үкімет адамдарының вокзалдан әрі өтуіне жолды әрең ашты. Ар жақ бақшалы кең алаң екен. Осы алаңға биік жасаған мінбердің үстінде митинг өткізілді. Оны ашушы – Сырдария облыстық партия комитетінің секретары, бізге белгілі - Әбілхайыр Досов.

Акмешіт вокзалының ішкі алаңында Әбілхайыр Досов басқарған митингте көп адам сөйледі. Олардың басым көпшілігінің кім екені есімде жоқ. Есімде ең берік қалған шешеннің біреуі: арық, ұзын денелі, мұрны қонқиған, көздері кішірек, қоныр өңді бала жігіт. Ол пионерлер атынан сөйледі. Кейін білесем белгілі ақындарымыздың бірі Әбділда Тәжібаев екен.

Ол кездегі Акмешіт екі этажды үйі бірнәрсәң ғана, өзге үйлерінің басым көпшілігі бір этаждан, олардың басым көпшілігі ішкі кірпіштен қаланған, күйдірген кірпіштен салынған аумақты үйлері азғантай, көшелері тар және қисық. Сол көшелерінің екі шетіне де тізілген ағаштар (әсіресе актеректер) қалың боп өскен, көшелерді жіектеп арық асқан. «Маркс» пен «Энгельс» аталатын екі көшесіне ғана тас төселген, өзге көшелерінің бәрі бұрқыраған шан. Үйлерінің төбелері тайпақ, әр үйдің қорасында жеміс бақшасы бар, Сырдарияның төкісегі жақ қабағына орнаған Азияның шағын ғана провинциялы қаласы екен.

Съезге келген делегаттарға арналған айналасы биік кірпіш қорғанмен қоршалған, оның ішіндегі бірталай үйі күйдірген кірпіштен салынды, шатырлары қаңыл-тырмен жабылған жайлар екен. Бұл үйлер жуық араға дейін жылдыхана болған. Қазақстан үкіметі орнағанда мекемелері жайғасуға осыдан қолайлы үй қалада болмағандықтан, жылдыхана Акмешіттен қырық шақырым жердегі «Аламесек» аталатын бір орынға көшірілген. Делегаттар осы үйлерге сыйғанына орналаса да, қалғандары - жаз бос тұрған мектеп сияқты мекендерге жайғасты.

– Сен, бала - деген Қажымұқан маған, вокзал қасында өткізілген митингте -қайда орналасам да менімен бірге боларсың.

– Мақұл, - деген мен. - Иса мен Әміре ше?
– Ол зындардың керегі жоқ, қайда орналасса да мәйлі.

Қажымұқанға да орын жылдыханадан бөлінген екен. Оған «зоқ-зоқ, зың-сайтан орнаған зерден қорқам!» Өлтірсен де бармаймың» деп, қорасына да кірмей, сыртта бақырып отырып алды.

– Ал сонда, қайт дейсің?-деген комиссия бастығына:

– Сырағым, маған бір онаса үй тап. У-судан аулақ, қаланың сентіндегі бапты үй болсын. Қонақасыны зұрттан зей затпырмз, -деді.

Ондай үйді амалсыз таппақ болған комиссия бастығының:

– Жаксы. Болсын. Сонда жалғыз жатамысың? - деген сұрауына:

– Мына Сәбитті берсеңдер болады, басқа кісінің керегі жоқ, - деді.

Комиссия Қажымұқан екеумізді қаланың батыс жағында «Айрамбақ» аталатын кең бақшаның әлдене түкпіріндегі қазақ үйіне апарып орналастырды. Қам кесектен, яғни шикі кірпіштен салынған бұл кішкене үйде мен ұзақ отыра алмайтын болдым. Оған бір себеп үйдің қаладан жырақтығы, ертелең кешті қатынауы қиын болса; екінші себеп Қажымұқан маңайының мазасыздығы. Оны «ертегінің батыры» көрген, немесе «аруақ орнаған әулие» көрген жұрт дамыл алмастан, «сабалан қымзыны, астаулап етін...» дегендей, мол қонақасасымен күні-түні дамыл таппай келеді де жатады.

Съезд біз Акмешітке келгеннен үш-төрт күн кейін ашылды. Осы кезде Қажымұқаннан қашқалақтап жүре, мен қаланың ішкі-сыртын түгел кезіп шықтым. Оның мен қорған алғашқы сикы жоғарыда айтқандай, түгел аралап шыққандағы сипаты одан әлдеқайда нашар екен. Қала шетіндегі «сүй» дегендер үй емес, үйшік. Көбі сүр балшықтан баттастыра салған күрке сияқты бірдеме. Олар жауын-шашынды көтермей құлай бере ме, әлде иелері көшіп кете ме - жеміріле құлағандары да толып жатыр.

пойызбен аттанады. Басқа жақпен баратын пойыз ол кездегі Қазақстан өлкесінде жоқ.

Делегаттар мінетін шешелон бірнеше күн бойына әзірленді. Газеттің тілісі болғандықтан, осы әзірліктің бәрін мен көзімнен өткердім. Он екі вагондық бұзу составта “салон-вагон” аталатыны екеу-ақ, біреуі – республикалық үкімет басшылары үшін, одан басқалары – күпелі вагондар көрінеді.

Бұл составтың барлық вагондарының да сырты ұрандар жазылған қызыл маталармен өшекейленді. Әрбір вагонның есігінің алдына қызыл жалаулар ілінді. Вагондар сәндінен бігіп, Ішкі істер комиссиясында делегаттарға орны бөлінген шақта мен составтың орта тұсындағы бір вагонға отыратын болдым. Жүре алдында байқасам, мен мінетін вагонға төрт қызық адамдар отырып жатыр: қазақтың атақты әншісі – Әміре Қашаубаев, атақты акын-импровизатор – Иса Байзақов, дүниежүзінің чемпионы атағын алған цирк балуаны – Қажымұқан Мұнайғипасов, қазақтың мыңдаған әндері мен күйлерін жазып ап, әлденеше топ ғып жариялаған композитор – Александр Загаевич. Бұлардың бәрімен де мен жақын таныстым. Вагонға кіресек: Әміре, Иса, Қажымұқан және бір делегатқа бір күпе, Загаевич пен маған және екі делегатқа бір күпе қатар келген екен.

Қала аралағанда менің көзімді ерекше тартқан көрініс - әр жеріндегі алаңында болып жататын базары. Бұл базарларда не көп, өрік, мейіз, қауыншек сияқты кептірген жемістер көп. «Нипшала» аталатын аппақ бірдеме бар, дәмі қант татиды. Ол жүтерінің ұнынан жасалады екен. Ұнды орта қазан ғып салады екен де, үстіне су құйып, құмшекер сеуіп қайнатады екен. Көп былғай суы сарқылған кезде, қоймалжың, аппақ тәтті бірдеме болады екен. Сол қалпында қазаннан алмай, ыдысын әкелген жұртқа ожаулап сатады екен. Біреулер дәмін көреді екен де, ұнатса алып, ұнатпаса кете баралы екен. Оның үстіне, көшеде бұрқыраған шаң да қонып, басында аппақ нипшала, кейін қоңырланып, біраздан қарақошқылданып кетеді екен. Не деген ыластық!.. Сонда да надан жұрт ожаулап, қасықтан алып жатады!.. «Неге?» - десең, «Басқа тәттіге әліміз келмейді», деп жауап береді.

Акмешітке келгенге дейін, мен «есек» дейтін мақұлықтың біреуін ғана он екі, он үш жастағы кезімде көрген едім. Содан кейін көруім Акмешітке. Мұндағы көліктің көпшілігі есек екен: ексеулі, тап, терек, қамыс сияқты отындарды да тасытын солар, адам да оларға көп мінеді. Денесі кішкене бұл хайуанның көтерген жүгіне қарағанда, мықтылығына қайран қаласың. Есектің құлынның «қодық» дейтіні де мен осы жолы білдім. Есектердің мені таңғалдырған және бір қылығы: еске, түс, кеш... деген сияқты мезгіл мөлшерін білдіруде ол тауық дәуісімен бек емес екен. Осы мезгілдерде бар тұтасын қамыра жөнеледі. Көп есек қосыла бақырғанда, маңайды даңғазға ғып жібереді.

Акмешіт маған ұнаған жоқ. Меніңше, сол кездегі күйінде, ол республикаға астана болу түгіл, губерния орталығына да әрең-мәрең жарарлық қала. Мұнымен салыстырғанда, мысалы Қызылжар (Петропавл), Семей сияқты Қазақстан қалаларының астана болуға мүмкіншілігі әлдеқайда көбірек сияқты. Ал Орынбордың Акмешіт садағасы кетсін. Бұның қасында ол Москва қасындағы қыстақ сияқты көрінеді. Омбы ше? Орынбор мен Омбы соңғы екі ғасырда қазақ көпшілігінің саяси, шаруашылық, мәдениеттік орталығы болып келді. «Ендіше, сол екеуінің бірін неге қаламайды, Қазақстан астанасы?» - деген сұрауға, «саясатқа жетікпін» дейтін біреулер:

– Қазақ облыстарының бүйірінде шеткері жатыр, араласып тұруы қиын, - деп жауап береді.

– Акмешіт бүйірде емес пе? Бұған бүкіл Батыс Қазақстан пойызбен Москва, Орынбор арқылы, бүкіл солтүстік облыстар Челябині, Орынбор арқылы келмей ме? «Іргелес» деген Жетісу губерниясының өзі көп күн атпен жүріп келп, пойызға Арыс станциясынан отырмай ма? Сонда Акмешіттің несі жақын болады?-деген сұрауға, анау:

– Қазір солай екені рас, бірақ алдағы аз жылда Қазақстанның барлық түкпіріне де тура баратын теміржолдар салынады, сонда жақындайды. Қала да тез өседі, -дейді ол.

– Несімен? Ірі өндірістер орнарлық ешбір базасы, яғни шикізаты жоқ. Ауылшаруашылығы да тез өркендеп кететін жер емес. Оқу орындарымен және мекеме үйлерімен ғана өсе ме сонда? Базасы жоқ қалаға қанша мектеп қажет? Және ауасы күйіп тұратын, мәдениет орны жоқ бұндай қалада оқуға кім құштар болады? - деген сұрауға анау жауап бере алмайды.

– Сонда шап басып жатқан осы снықсыз, болашағы да нашар қалаға астананы сүйреуші кім? - деген сұрауға:

– Сұлтанбек Қожанов, - деп жауап береді анау, - бұл ара - оның туған жері. Ата-бабалары осы елдің қожалары. Революциядан бұрын ресми қағаздарда «Перовский» аталып келген қаланы, Совет тұсында «Акмешіт» атақтан да сол. Енді ертен ашылғалы отырған 5-съезде «Қызылорда» атандырды, Қазақстан астанасы жасатпақ та, шамасы келсе әдемі қалаға айналдырмақ.

– Онысы болса!..

– Болар-болмасын тұрмыс көрсетеді де.

Маған ерекше әсер еткен көріністің

БІР ВОЛКОМНЫҢ ЖАЙЫНАН

Бесінші съезд өтті. Мен, әрине, бұл жолы КирЦИК-тің мүшелігіне сайланған жоқпын. Оның бұрынғы председателі Сейтқали Мендешев түсіп, орнына Жалау Мыңбаев болды; секретарлығына Аралбаев сайланды. Оқу комиссары Смағұл Садуақасов, Жер-су комиссары Садуақасовтың сенімді серігінің біреуі Жағыпар Сұлтанбеков, Ішкі істер министрі Сұлтанбек Қожанов – бұрынғы қызметінде – Қазақстан Өлкелік партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің менгерушісі. Нығмет Нұрмаков Халық Комиссарлар советінің председателдік қызметінде қалып қойды. Жұрттың айтуынша (расы да солай), Қазақстанды ендігі билеуші екі адам ғана: Сұлтанбек Қожанов, Смағұл Садуақасов. Бұл екеуі де Өлкелік партия комитетінің бюро мүшесі. Бесінші съездің қаулысымен Акмешіт «Қызылорда» аталды да, Қазақстанның астанасы болды. Ауыз біріктірген Қожанов пен Садуақасов оңшыл-ұлтшылдық беттерін күшейте түсіп, мекемелерге, мектептерге бай баласы, алашордашыл аталатындарды толтыра түсті.

Біреуі Сырдария өзені. Атағы жер жаратын бұл өзенді де менің бірінші көруім. Оның суы Есіл өзеніндей мөлдір боп ақпай, сап-сары қоймалжың боп ағады екен. Төңірегіндегі жарқабақтары аласа, кей тұста жазық жермен тұтасқан жайпақ. Сондықтан да ол қатты тасыған жылдары маңайды селдете басып алады да, мал-мүлікті де науыт қып кетеді екен. Ондай тасу - мекендеген елдің сорына қоса, бақыты да: бұл маңның суармалы егіні Сыр тасыса мол шығып, астыққа шаш-етектен қарық боп қалады екен.

Қолым тиген кейбір уақыттарда мен Сыр өзенінің бойында қайықпен де серуендеп жүрдім. Акмешіт тұсында өзеннің жалмақтығы шақырымға жетіп қалатын Сырдария құбыла ауысн көрсеткісі келгенді, кеше кеше су ортасында көрініп жатқан құм аралдар, танертен жоқ боп кетеді, кеше сырық жетпейтін терең судан бүгін қайырлы

арал шығып қалады. Кейбір тұсында «ірім» аталатын ағыс, түбіндегі әлдене шұжыққа құйылып жатқандай дөңгелене іріліп, ортасы сорпылдайды да жатады. Ол тұсқа қайық жақындап қалса дөңгеленте жөнеліп, тәжірибелі ескекші болмаса, мәнін білмегендер батып кетеді деседі.

Қаланы, Сырдың суын аралап біраз көргеннен кейін, мен арғы тоғайлық жағына да шықтым. Онда бұрын көрмеген бұтақтарының бәрі тікенді: шенгел, жиде сияқты уақ ағаштар өседі екен. Ол беттерде ағаштар ғана емес, қурайлар мен шоптердің де көпшілігі тікенді болады. Боз топыраққа шыққан бұл тікендердің арасында: жылан, шаян, қарақұрт сияқты жәндіктер өріп жүреді. Жұрттың «пәленің мыны Сырда, бірі қырда» деуі де осыдан болу керек.

Мен Сырдың арғы бетінде отыратын егінші ауылдың тұрмысымен таныстым. Бұл ауылдың аты «Қырық келеп» екен. «Келеп» дейтін жер астынан қазып жасаған үй, басында бұндай үй қырық шақты ғана болуы керек. Ал қазір көбейген келені санап болар емес. Келепте тұратындар: қарбыз, қауын, қабақ, қияр, сәбіз сияқты бақшалық овоштарды өсіріп, піскеннен кейін қасындағы Акмешітке сатады екен. Дәнді дақылдан көп егетіні - күріш. Оның көлемі азғантай - әр үйде, ең көп болғанда - бір гектар, әйтпесе - жарты, ширек гектардан, біреулер өзі ішімдігіне қажет бірек қап қана астық өсіреді. Шөптен егетіні - жонышқа.

«Қырық келеп» соқа деген атымен жоқ екен. Оның орнына қолданатыны - «омаш», яғни тіліне ғана темір қаққан айыр ағаш. Омашты жеке ат яки жеке өгіз де сүйей береді екен. Сондай омаштың өзі де бірнәрсен ауқатты адамға ғана бар. Былайғы кедейлерінің (олар басым көпшілігі) егіске пайдаланатын құралы — кетпен.

«Қырық келенің» барлық егіні арық арқылы қолдан суарылады. Арықтардың үлкені де, кішісі де кетпеншілер қолдан қазды. Бейнеті ауыр егіншілер арасында да батырағы, келдей, әлдісі, орташасы бар. Жеке шаруа дәурен сүріп тұрған кезде бұлардың арасында да қым-қиғаш тіршілік тартысы. Осы тартыста, кейінгі кезде кедейлер басым бола бастаған, олар «Қосшы одағы» есімді ұйымға бас қосып, қанаушыларды Совет үкіметінің заңына бағындыруға кіріскен.

Жалпы алғанда «Қырық келенің» тұрмысы менің бұрын қазақ ауылында көрмеген тұрмысым. Егіншінің баласы қара борбай» деген халық өлені осыларға қарап шығарылған сияқты. Адамдарының көбі, әсіресе, балалары тыртыған арық, күн-ұзақ ыстық күнге күйіп далада жүретіндіктен өңдері қап-қара, киімдері тозыңқы, үй іштері жүдеу. Мен өзім туған жерімде де талай келдей, батырақты көре жүре тұрмыстары дәл бұндай нашарларды көрген емен...

«Қаламен, Сырдариямен, оның маңындағы ауылдармен үстірт болса да таныстық-ау» деп жорамалдаған шақта съездің ашылатын күні де келіп қалды. Съездің мәжілістері өткізілетін зал – революцияға дейін «Перовский» аталған Акмешіттің бұрынғы ояздық әкімшіліктің кең ұзынша ат қорасы болған екен. Совет өкіметі орнағаннан кейін осы ат қора клубқа айналып, төр жағына сахна жасалған. Бірақ ені жалпақ қораның төбесін тіреген ішкі ашалары алынбаған. Біз келгенде осы «клубтың» іші-сырты Қазақстанның бесінші советтер съезіне арналған плакаттармен, ұрандармен, жалаулармен, тулармен қып-қызыл ала болып безенген. Ол кездегі Акмешітке елу киловаттық қана қуаты бар электр станциясы қызмет атқарады екен. Оның әлсіз, көмескі жарығының мол үлесі съезд күндерінде «клуб-к» беріліп, бұған дейін түнде шамы сығыраятын көшелердің көбі қазір қап-қарағын.

Мен «клубтың» іші-сыртын съезден бір күн бұрын түгел аралап шықтым. Оның сахнасындағы президиум столының артына желбегете көк тулар ілінген. Оларды да түгел қарағанмен, көзге оғаш көрінетін ештенесін байқаған жоқпын.

қара өңді, жалпақ бетті оның көскінінен дәл осы сәтте адам шошырлық: қытай тәрізді қиғаштау, кішірек қара көзінің ақ еті қанталап қып-қызыл боп мөлдірей жасаурап тұр. Былай да қан-сөлсіз, шөген түсті өңі тотыға қалғандай әлем-тапырық. Қорғасындай қара сұр боп жүретін қалың ерні қазір жасылында кезеріп кеткен. Бет-аузының бұлшық еттері дірлідей қимылдап, езуі сол жақ ұртына қарай қисайып тұр. Мас емес шағында ауыр қимылдайтын денесі қазір жеңілденіп, су толқытқан қайықтай ерсілі-қарсылы ауытқып кетеді!.. Уғардың талай мас болған, кейде тітті қатты мас болған жайларын көре жүре, тұр-тұлғасының дәл бұндай бүлінгенін еш уақытта кездестірген емен...

Уғар мас кезінде үлкен-кіші демей, жеке көрген адамды тілдеп, кейде қолын да жұмсап қоятын. Ал жақсы көрген адамына қол тигізу түгіл қатты сөз де айтпай, сыйпайлығын мөлшерден асыратын да, адам мезілеу болатын. Мені “Қызылжар дәуірінен” (1920 жылдан) білетін ол “пролетарский писатель” деп жақсы көріп, тілін де, қолын да қаптайтын. Оның маған айтар бар ауыр сөзі «пұшпаған мұрныңды ұрайың!» ғана болатын. Өшкен біреуі болса, анау қашып құтылғанша сыбап тілдейтін немесе сілейтін сабайтын. Мен Уғардың бұл сияқты талай қылығын білем.

Уғар мені клубтың ішіне алып кіріп сахнаға таянды да:

– Оқы, ананы, - деді ол, президиумға даярланған стоддың сырт жағына ілінген көк туларды нұсқап.

– Нені? - дедім мен, оқы деп тұрғаны не екеніне түсінбей.

– Өне бір, жегің оқамен көмкеріп, шапшақпен безеген жасыл тудың бетіндегі жазуды оқы!

Жасыл туға көзімді тіксем: тозыңқыраған шұға, бетіне арақ әрімен: «Дә илоһа илла-алла, Мұхаммодун Расул-алла» деп, оны айнала, «Жасасын Алаш автономиясы!» және «Алаштың Ойылдағы атты поляк» деп жазылған! Сондай ту советтік съездің сахнасына, советтік көп тулардың арасына қайла ілінуі көзі көрмеген адамның ақылна сыймайтын нәрсе. Бұны мен жазушылық фантазиядан тұтылып отырған жоқпын, немесе жөнсіз «қызық» іздел, ойдан жасап отырған жоқпын, шындыққа болған ашы фактіні ғана болған түрінде сипаттап отырмын.

Жуық арада, Москвада КПСС Орталық комитетінің қарамағында қызмет атқаратын Марксизм-ленинизм институтынан, Сәкен Сейфуллиннің 1925 жылы ВКП(б) Орталық комитетіне, қазақ ұлтшылдарымен күресі туралы жазған ұзақ хаты табылды. Сонда ұлтшылдардың өзге әрекеттерімен қатар, жоғарыда айтылған Алашорда туының, Қазақстан бесінші совет съезінің залына ілінуі туралы төмендегідей сөздер жазылған:

«... Залдағы қызыл тулардың арасына, Досмұхамедов басқарған Алаш үкіметінің Құран сөздерімен өшекейленген жасыл туы жайыла ілініпті... Кей жолдастар Алаш туының ілінуіне ыза боп, оны жұлып алды. Неге бұлай болуына съезді басқарушылардан кейбіреулер сахнаны құрған орыс қызметкер айнасады іліпті деп түсіндірмек болды. (Сонда, сол ту қайдан кеп шыққан, бұл сахнаға?! С.М.) Съезден кейін, пойызбен Орынборға қайтып келе жатқан шақта, бұрын алашордашыл болған, кейін Оқу комиссариятында қызмет атқарып жүрген қарт учитель (Елдес Омаров, - С.М.) екі жолдастың

ҚАЗАҚ АКСР-нің АЛҒАШҚЫ АСТАНАСЫНА - 100 ЖЫЛ

1920 жылдың 26 тамызындағы Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасының Халық Комиссарлар Кеңесінің Қырғыз (Қазақ) АССР-ін құру жөніндегі қазақ ұлттық мемлекеттілігін заң түрінде бекіткен декреті шыққанымен, Жетісу және Сырдария облыстары Қазақстан құрамында емес, Орта Азия территориясындағы халықтарды қамтитын Түркістан Республикасының құрамында болды. 1924 жылы Орта Азияда ұлттық мемлекеттік шекараларды белгілеу нәтижесінде Өзбекстан, Түрікменстан республикалары, Қырғыз, Тәжік автономды облыстары құрылғаны белгілі. Осы шара негізінде Түркістан Республикасы құрамына кіретін қазақтар Қазақ автономды республикасына қосылып, ұлт біртұтастығын қамтамасыз етуге мүмкіндік болды, жер көлемі де өсті. Осы жылдарда, яғни Қазақ Автономды Кеңестік Республикасын құруға дайындық және ол құрылғаннан кейінгі алғашқы

беретіндігін, ең бастысы – шаһар халқының 90%-ын қазақтар құрайтындығын тілге тиек ете отырып, ол қою жұмыстарын кешуейлдетпеуге шақырды. 1925 жылдың ақпанында Қазақ Орталық Атқару Комитеті (КазЦИК) Президиумы республика астанасын Орынбор қаласынан Ақмешіт қаласына көшіру жайлы қаулы қабылдады. Ал 6 сәуірде Орынбор губерниясы Қазақ автономиясы құрамынан шығарылды. Қызылорда облыстық мұрағаты филиалындағы Ақмешіт үездік – қалалық партия комитеті қорында республика астанасын Орынбордан Ақмешітке көшіруге байланысты сирек те болса ойлантатын, ойға жүгіртетін құжаттар кездеседі, соларды оқырмандар назарына ұсынуды жөн көрдік. 1925 жылдың 9 ақпанында РКП (б) Сырдария губерниялық комитетінің атқару бюросы мен Қырғыз обкомы (Киробком) ұйымдастыру бюросының біріккен мәжілісінде Қырғызстан (Қазақстан)

аудандарда жылжымалы постаны, радио-телеграф жүйелерін кеңейту жобалары қуатталды, бұл мақсатта өнеркәсіпте Қазақстанның маман жұмысшыларын қалыптастыру мақсаты қойылды.

Қазақ АССР-ның жер құрылысы туралы қабылданған қарарында бұрынғы патша өкіметінің жүйесіз әскери-әкімшілік саясатының забаланы салдарынан 29 миллион десятина шұрайлы жерлер талан-таражға салынып, мал шаруашылығының күйреуіне әкеп соққаны татап өтілді. Мал шаруашылығын тиімді ұйымдастыру мақсатында республиканың барлық жерін табиғи-тарихи және экономикалық белгілері бойынша үш ауданға бөліп қарастыру керектігіне тоқталды. Біріншісі – егіншілік-мал шаруашылығы сипатындағы аудан. Мұнда мал шаруашылығы бірқалыпты дамуы тиіс. Екіншісі – мал-егін шаруашылығы сипатындағы аудан. Онда жайылымдық жер басым орын алады.

Сыр бойына сонау Еуропадан келген австриялық эмигранттардың «Ульфельд» ауылшаруашылық коммунасы туралы деректер сақталған. Мұнда олардың қаламызға келу себебі, ауылшаруашылық жұмыстарын жүргізу тәжірибелері мен жарғылары, есептері, хабарламалар және басқалары бар. 1925 жылы Қызылорда жергілікті шаруашылық бөлімі мен австриялық «Ульфельд» коммунасы қала манынан жалға жер беру туралы келісім-шартқа қол қойып, оны 16 желтоқсанда КСРО Еңбек және қорғаныс кеңесі жанындағы тұрақты эмиграция комиссиясы бекіткен. Шетелдіктер келісім-шартпен Қызылорда қаласының шекарасындағы «Сабалактан» 2500 сотық жер алып, оған бау-бақша, дәнді дақыл мен селекциялық тұқымдар өсіру, жеміс-жидек ағаштарын отырғызу құқынан ие болған. 1926 жылғы 1 сәуірде австриялық коммуна 226 адаммен Қызылорда қаласына ауысады. Осы жылдың 31 наурызында Қызылорда

"АҚМЕШІТ ҮЛКЕН ҚАЛА БОЛЫП КЕТЕТІН АНЫҚ"

Қазақ өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы болған Сұлтанбек Қожанұлының айтқан сөзі

жылдары Қазақстанның әкімшілік-саяси орталығы ретінде талаптарға басқалардан гөрі Орынбор қаласы сай келген еді. Алайда территорияның ұлғаюы мен әсіресе шығыс, оңтүстік облыстардың қашықтығы, республикалық, орталық органдардың, ондағы жергілікті халықтардың шаруашылық, мәдени өміріне басшылық жасауын толық қамтамасыз ете алмады. Астананың бір қиырда орналасуы Қазақстан өкіметінің де жергілікті жерлердегі партия, кеңес, шаруашылық ұйымдарымен тығыз байланысына едәуір қиындық келтірді, сондықтан астананы ауыстыру қажеттігі туындады. Түркістан Республикасының ішкі істер халық комиссары Халық ағарту халық комиссары, Жер-су халық комиссары, Орталық Атқару Комитеті төрағасының орынбасары қызметтерінде шырғыз, шындалу мектебінен өткен жырма тоғыз жасар Сұлтанбек Қожанұлы да межелеу комиссиясының мүшесі ретінде маңызды мәселенің басы-қасында жүріп, оның барысына белсене араласты. Ол әуелгі кезекте елдің астанасын «отар қала - Орынбордан» (өз сөзі) қалып қазақтың ортасына көшіру қажет екендігін ресми мәжіліс мінбелерінен сөйлеген сөздерінде, сондай-ақ баспасөз бетінде жарияланған мақалаларында қайта-қайта қозғайды. «Мемлекет астананың жұртшылығына сүйеніп жұмыс істемесе, бас хұкіметтің ісі оңбайды», - деп жазған қайраткерді қазақтың кіндік қаласының шалғай шетте ірге тебуі, бүгінгі тілмен айтқанда, геосаяси тұрғыдан қанағаттандырмады. Орынбор қаласы туралы пікірлерін ол өзі басшылық жасаған, Түркістан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің органы – «Ақ жол» газетінде жарық көрген «Ұлт шекарасын ашу хәм Қазақстан», «Кешікпей келісу керек», «Іс жүзінде орындау керек», т.б. мақалаларында бүкілсіз ашық айтты. Қазақтың астанасы орыстың туы тігілген қалада емес, қаласы жоқтықтан қазақтың киз ауылында болса да, қазақ ұлты жұртшылығына жұмық болуы керек», - деп жазды Сұлтанбек Қожанов /197/. Ақиқатын айту керек, бастапқы бетте, Сталиннің сөзімен сипаттағанда, «Ортаазиялық Шыңғыс хан» - Қожанов бастаған топ Ташкент үшін тартысты. Алайда жарты жылдан астам уақытқа созылған таластан соң, РК(б) П ОК-нің шешімімен 1924 жылдың қарашасында көкпарға түскен кент біржолата өзбектерге берілді. Ал бұдан былай қазақ қауымының ішінде астана туралы айтыс қайтадан қарқын алып, үміткер қалалардың қатарында Ақтөбе, Ақмола, Ақмешіт, Әулиеата, Семей, Шымкент қалалары аталған еді. Сол сәтті мәселенің тоқ етер төрелігін, қисынды қорытынсын айтқан адам жанадан жасақталған Қазақ өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы болып бекітілген Сұлтанбек Қожанұлы-туғын. Ол қалыптасқан жағдайда алаңдатушылық білдіріп: «Соңғы кезде алған хабарларға қарағанда, айтыс үдегенге ұқсайды. Бұрын аты аталып, қаулы болған Шымкент еді. Қайта сөз болғанда, жанның барлығына ұнаған – Ташкент темір жолының бойында болсын – Ақмешіт қаласында болсын» деген ұсыныс еді. Енді һәр қаланың аты бір айтылып, мәселе теренге, шешу срогы узакқа кететін болыпты. «Бұл қиыншылықты көріп, айтысып әуре болғанша, Орынбордың өзінде отыра берсең нығайлады?» деуші ақылгөйлер көбейіп кетті. Бұл оңған белгі емес. Бұған алжаспау керек. Қазақстан астанасы Орынбордан кетпей болмайды. Қазақстан астанасы Ташкент темір жолынан кетіп тағы болмайды. Ауылжақтықты қоздырып, әркім өзіне тартып өшігіп, ақырында қисын келісе алмағандықтан, жүк ескі орнында қалып жүрмесін. Бөкей, Орал, Ақтөбе, Адай, Сырдария, Жетісу, Қарақалпақ – барлығы Ташкент темір жолына байланысты. Мұны ескеру керек. Ортаға қойылған мәселе Қазақстанның жалпы астанасы екені ұмытылмасын», - деп жазса, кейінірек «Қазақстан кіндігі қай қала болсын?» атты мақаласында: «Әркім ауылына тартпай, жалпыға орталық жерге бір ауыз бола қалу керек. Дау көбейіп, сөз азая берсе, Қазақстанның ілгері басуына жолкесір болғандай болып, отар қоныс Орынборда мұнан былай да отыра беруге тура келетінін ұмытпау керек. Аты аталып жүрген Ақмешіт қаласы – түстігі Қарақалпақ облысы мен Сырдария губерниясы, күншығысы Жетісу, теріс түстігі Ақмола мен Торғай, күнбатысы Ақтөбе мен Орал болып, үлкен жолдың үстінде тұрған ыңғайлы қала. Қазақ ұлт мемлекетінің жасау ісін аяқтағанда, Ақмешіт үлкен қала болып кететіні анық», - деп пышақтесті пікірін білдірді. Оның талап - тілегі қолдау тауып, 1925 жылғы ақпанның 9-ында Қазақстан Орталық Атқару Комитеті астанасы Орынбордан Ақмешітке көшіруге қарсы қабылдады.

Соған сәйкес Сұлтанбек Қожанұлы «Лениншіл жас» журналының сол жылғы 1-2 санында «Ақмешітті неге орталық қылып сайладық?» деген сауалға жан-жақты жауап қайтарды. Қаланың орналасқан орнының экономикалық қарым-қатнасына қолайлығын, табиғи байлық төркіндеріне тау тұрғандығын, Сырдария өзенінің егіншілік өркендетуге мол мүмкіншілік

астанасын Ақмешіт қаласына көшіруге байланысты Ескараев, Досов жолдастарды 4 күнге жолсапарға жіберу, аталған мерзімде тексеру жұмыстарын аяқтауға міндеттеген қаулы қабылданған. Ал 9 күннен соң, 18 ақпанда астананы Ақмешітке көшіру жайлы Қазақстан өлкелік партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі С.Қожановтың жеделхатын тиісті орындарға жіберіп, іс нәтижесін Секретариат мәжілісінде баяндау үгіт-насихат бөліміне міндеттелген. Ал тағы бір құжатта Халық Комиссарлар Кеңесінің астанасы Ақмешіт қаласына көшіру мүмкіндіктерін жан-жақты зерттеу, лайықты жабықтау жөнінде арнайы комиссия құрылғаны, ол комиссияның төрағасы Кенжиг, секретары Андречиков болғаны, Ақмешіт үездік қаржы бөлімінің финкассасында арнайы №13747 ағымдағы есебі ашылғаны жайлы баяндалған. Бұл комиссияның 1925 жылдың 10 наурызындағы бұйрығында комиссия төрағасы Кенжиг Ақмешіт қаласына астананы көшіріп әкелуге байланысты атқарылған дайындық жұмыстарының қорытындысын орталыққа баяндау үшін Орынбор қаласына жүріп бара жатқандығына байланысты орнына комиссия мүшесі М.Т.Тынышбаевты қалдыратыны, оған басталған жұмысты әрі қарай жалғастыру, ғимараттарды жөндеу мен дайындауға байланысты қаржыларды жұмсау құқы берілгенін атап көрсетіп, барлық партия, кеңес, кәсіподақ ұйымдары басшыларының оның жарлықтарын орындауға оң ықпал етуге міндеттейді. Ақмешіт үездік партия комитетіне сәуір айында келіп түскен жеделхатқа үкіметтік поезд Ақмешітке Орынбордан 15-інде келіп жететіні баяндалған. Жеделхатқа атап көрсетілгендей, үкімет поезы 1925 жылдың 15 сәуірінде Қазақ АССР-ының (ол кезде Қырғыз АССР-ы) астанасы Ақмешітке көшіп келеді. Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуы, нығаюы мен дамуындағы тарихи маңызды бұл оқиға қазақ әдебиеті алыптарының бірі Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» романының үшінші кітабы – «Есею жылдарында» жан-жақты қызғылықты баяндалған. Үкімет поезында сол кездегі қайраткерлер Сұлтанбек Қожанов, Қир-ЦИК-тің бұрынғы төрағасы Сейітқали Меңдешов, ҚирЦИК-тің жанадан сайланған төрағасы Жалау Мынбаев, секретары Бегайдар Аралбаев, оқу комиссары Смағұл Садуақасов, жер-су комиссары Жағыппар Сұлтанбеков, Ішкі істер комиссары Сүлеймен Ескараев, Халық Комиссарлары Советінің төрағасы Нығмет Нұрмақовтар болған. Бұл поездға саяси қайраткерлерден басқа қазақ өнері мен әдебиетінің көрнекті өкілдері – әнші Әміре Қашаубаев, ақын Иса Байзақов, «Еңбекші қазақ» газетінің тілшісі ретінде Сәбит Мұқанов, атақты палуан Қажымұқан Мұңайтпасовтар келіп, Советтердің бүкілқазақстандық V съезіне делегат ретінде қатысады. Құрамында Қазақ АССР Кеңестерінің V съезі делегаттары бар үкімет поезын қол бойында Секеуіт, Арал, Қазалы, Жосалы станцияларының жұртшылығы қарсы алып, көп адам жиналған митингілер ұйымдастырылды. Ақмешіт станциясына орасан зор митинг болып өтті. Оны Ташкенттен келген Сырдария облыстық партия комитетінің хатшысы Әбілхайыр Досов ашты. Үкімет делегациясын Қазақстанның жана астанасының жұртшылығы қызу құттықтады. Қала жастары атынан ақын Әбділда Тәжібаев сөз сөйледі. 1925 жылдың 15-19 сәуірінде Кеңестердің V республикалық съезі болып өтті. Оған бірінші рет Сырдария және Жетісу облыстарының өкілдері қатынасты. Бұл республика өңбешілерінің саяси белсенділігі өрлеуінің бетбұрыс кезені болды, қоғамдық өмірдің жана қатынастары қалыптаса бастады. Халықтың тарихи қазақ есімі қалпына келтірілді. Бұған дейін орыс билеушілері қазақ халқының атын бұрмалап, оны «қырғыз» атадырып келген еді. Съезд бұдан былай Қазақ АССР астанасын Ақмешіт орнына (бұрынғы Перовск) «Қызылорда қаласы» деп атау жөнінде қаулы қабылдады. Сонымен 1925 жылдың сәуірінде өткен АКСР-і Кеңестерінің V съезі республика дамуының келешегін айқындап, ұлттық-мемлекеттік құрылыс саласының маңызды тарихи шешімдерін қабылдады, өкімет органдарын сайлады. Олардың құрамына Сыр елінің көрнекті өкілдері, мемлекет және қоғам қайраткерлері кірді. Солардың бірі – Сүлеймен Ескараев өкімет құрамына республика Ішкі істер халық комиссары болып енді.

Осы съезде Бегайдар Жантөреұлы Аралбаев Қазақ АКСР-і Атқару комитетінің хатшысы болып сайланды. Қазақстан әйелдері де қоғамдық-саяси жұмысқа белсенді түрде араласа бастады. Оларды кеңес жұмыстарына көтеру, партия қатарына тартуға жол әйелдері Алма Оразбаева, Нағима Арықова, Мәдина Бегалиева, Сара Есова және басқа кадрлар көп еңбек атқарды. Үкімет есебі бойынша, V съезд қабылданған қарарда республиканың өнеркәсіп күрделі дамыту жоспары, алдыңғы онжылдықта темір жол және жергілікті жол қатынасын дамыту жоспары, байланыс құралдарын, көшпелі және селолық

Үшіншісі – бірінғай мал шаруашылығы бағыты үстемдік құратын аудан. Сонымен бірге аталған әрбір ауданның шаруашылық жүргізу жүйесі әр түрлі болуға тиіс деп есептелінді. Суландыру туралы қабылданған қарарда Сырдария, Әмудария және Қазақстанның басқа да өзендерінің суларын іргелес жатқан республикалармен тең бөлулі талап ету, осының негізінде судың шектелген мөлшеріне орай суармалы егіншілік саласын дамыту туралы жазылды. Су шаруашылығы органдарының кадрларын даярлау, Қызылорда гидро-техникумын ашуға байланысты қаржы бөлу мәселелері де дұрыс шешімін тапты. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының дамуы, сонымен бірге республика халқының мәдени қажеттіліктерін өтеуі үкімет алдында енді халық ағарту мен денсаулық сақтау мәселесін шешуді міндет етіп қойды.

Қазақстанда индустрияны дамыту мәселесін жедел шешу қажет болды. 1926 жылдың сәуірінде республика астанасы Қызылордада өнеркәсіпті дамытуға арналған арнаулы кеңес болып өтті. Кеңес республиканың орасан зор шикізат қорын иемденіп отырғанын, сондықтан өнеркәсіп өндірісінің даму қарқынын жеделдету қажеттігін атап өтті, пайдалы қазбалардың жана орындарын барлаудың шараларын белгіледі. Мемлекеттік Жоспарлау комитеті мен Қазақ АССР Халық Комиссарлары Кеңесінде Қазақстанның өнеркәсібін аудандарға бөлу, өнеркәсіптің, алғашқы кезекте түсті металлургияны ұлғайту жоспарларын жасау тапсырылды. Облыстық мұрағат қорында астана төрбесіне сай қаланы көріктендіру, құрылыс-жөндеу жұмыстарының қарқын алуымен қатар халықты сауаттандыру бағытындағы жүргізілген халық ағарту шаралары туралы деректер молынан жинақталған. Қала тарихындағы ең жарқын беттер осы кеземен тығыз байланысты болып, ұлтмыздың дамуы осы қаладан басталды десек, артық айтқандық болмас. Жалпы білім беретін мектептер ашылуымен қатар рабфак, совнаршшкола, техникумдар, халық ағарту институты ашылды. Республикалық «Еңбекші қазақ», («Социалистік Қазақстан»), «Советская степь» («Казахстанская правда») газеттері шығарылды. Қызыл астанада Әліби Жангелдин, Алма Оразбаева, Сара Есова, Мағазы Масанчи, Сүлеймен Ескараев, Сұлтанбек Қожанов, Бегайдар Аралбаев, Жалау Мынбаев сынды белгілі қайраткерлермен қатар Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов сияқты қазақ сөз әдебиетінің негізін қалаушылардың ізі қалды. Қалмақан Әбдіқалдыр, Әбділда Тәжібаев, Асқар Тоқмағанбетов сынды белгілі ақын-жазушылардың, Әміре Қашаубаев, Құрманбек Жандарбеков, Елубай Әмірзаков, Серке Қожаұратовтай сахна тарландарының кәсіпқой шығармашылық сүрлеуі де осы қаладан басталды. Қызылорда облыстық мемлекеттік мұрағат қорында 1925 жылғы 24 қазанда Қызылорда үездік – қалалық атқару комитеті мен Қазақ халық комиссариатының халық ағарту бөлімі (Казнаркомпрос) арасындағы қатынас хат бар. Мұнда Қазақ Саяси ағарту басқармасы (Главполитпросвет) алқасының қаулысына сәйкес 1925 жылғы 1 қарашадан бастап Қызылорда қаласында мемлекеттік театр ашу ұсынылған. Театрға әртістерді КСРО-ның үлкен қалаларынан, оның ішінде Мәскеуден шақыру керек екені айтылады. Барлық қойылымдар көркемдік үгіт негізінде болуға тиіс екені көрсетілген. Құжатқа қазақ саяси ағарту басқармасының меңгерушісі болып қызмет атқарған Успенский қол қойған. Сонымен, 2 айдан астам уақыт дайындықтан, ұйымдастыру жұмыстарынан соң 1926 жылдың 13 қаңтарында Қошқе Кеменгерұлының «Алтын сақина» пьесасы қойылымымен театр шымылдығы ашылған. Театрда алғаш құрылған жылдары И.Байзақов, Ә.Қашаубаев, С.Қожамқұлов, Е.Әмірзаков, Ж.Шанин, Қ.Қуанышбаев, Қ.Жандарбеков, К.Бадырлов, Қ.Мұңайтпасов, З.Атабаева, Ш.Байзақова, М.Штатова, т.б. ойнады. Халық комиссариаты Кеңесінің төрағасына 1927 жылғы 27 ақпанда Қазақ ұлттық мемлекеттік театр директоры Жұмат Шаниннен ұсыныс түскен. Онда театр қойылымдарынан салық алмауға өтініш жасалыпты: «Қазір театр қалыптасу кезеңінде. Мемлекеттік үгіт-насихат, мәдени мекемесі – театр мемлекеттік бюджетте. Қойылымдардан түскен табыс мемлекеттен алған несенің орнын толтыруға кетеді». Осындай жағдайларды ескере келіп, театр жергілікті салық төлеуден босатылған. Сол жылғы 5 сәуірдегі қаулыға сәйкес Қызылордада Орынбордан үкімет және Орталық басқару органдары көшіп келе бастады. Қаладағы бұрынғы байлардың үйлері қала меншігіне өткізіліп, оларға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізген соң, жоғарыда аталған мекемелер кеңселері мен қызметкерлеріне тұрғынжай ретінде берілді. Қала көшелеріне тазалық жұмыстары жүргізіліп, арық қазылып, ағаштар егілді. Күрделі құрылыстар жоспарланып, олардың сметалық құжаттары жасалды. Қаланың мәдени өміріне де өзгерістер ене бастады. Мұрағат қорында



Қызылорда ел орталығы. 1925 жыл

коммуналдық шаруашылық бөлімінің мәжілісі тұқым алу мен мелиорация жұмыстарына орай «Ульфельд» коммунасына несие беру туралы қаулы қабылдаған. Ал маусымда коммуналар 5 километрілік канал қазып, оған су тартатын мотор орнатқан: 210 десятина бидай, 70 десятина картоп, 7 десятина жерге көкөніс, 68 десятина тары мен жонышқа егіп, 6 барақ төрідес тұрғын үй, нан пісіретін, кір жуатын, мотор жөндейтін шеберханалар салыпты. Коммунаға республикалық және қалалық мекемелер мен ұйымдар жан-жақты көмек көрсеткен. 1926 жылдың күзінде Австриядан коммунаға жұмыс істеуге ниет еткен 148 адам келген. Сол кезеңдерде ауылшаруашылық машиналарын жасайтын өнеркәсіп енді ғана құрыла бастаған еді. Сондықтан ауылшаруашылық машиналарымен коммунаны қамтамасыз ету мүмкін болмаған. Шаруашылықтың техникалық жабықталуы нашар еді. Осы тұста коммуналардың көбі ауылшаруашылық артельдері болып қайта құрылды. Қазақ АССР Халық комиссарлары кеңесі мен «Ульдель» коммунасы мүшелерінің жалпы жиналысы шешімі бойынша 1927 жылғы 27 наурызда коммуна тартылған.

Қызылорда Республика орталығы болған кезінде «Түркістан – Сібір темір жол құрылысын салу туралы» қаулы қабылданды. Қазақ АССР Кеңестерінің VI съезі қабылдаған қаулыда бай өлкенің табиғат байлықтарын жедел иеруге, ортаазиялық республикаларды Қазақстанның және Сібірдің арзан астығымен қамтамасыз етуге мүмкіндік жасаған «ТрансСібір» магистралінің Қазақстан мен Орта Азия үшін экономикалық және саяси маңыздылығы атап өтілді. Республиканың жана астанасы – Қызылордада газеттер мен журналдар шыға бастады. Республикада барлығы 31 газет, оның ішінде 13-і қазақ тілінде шықты. Қалпына келтіру жылдарында сауатсыздықты жою жөніндегі жұмыс қарқыны біршама бәсеңдеді. 1926 жылғы санақ бойынша, Қазақ АССР-де 16 млн 35 жас аралығындағы 1,7 миллион адам сауатсыз деп есептелді. Осындай жағдайда Қазақ өлкелік комитеті сауатсыздықты жою жөніндегі комиссияларды қайтадан келтіру туралы шешім қабылдады. 1925-1927 жылдары Халық ағарту комиссариаты халыққа білім беру ісін дамытып, қазақ қоғамында сауатсыздықты жою, мектептер мен интернатта жүйесін ұлғайту науқанын бастап кетті. Ой кезде қазақ мектептерінің көбеюіне, жоғары оқу орындарының ашылуына үлкен мән берілді. Алғашқы кызметі Орынбор қаласынан бастау алған Қазақ халық ағарту институты жалпы орта мектептерге мұғалімдер дайындап шығару мақсатын көздеді. Бұл институттың оқу жоспарына сәйкес дәрістер қазақ тілінде жүргізілді. 1925 жылы институт Қызылорда қаласына көшірілді. Оның жұмысына тәжірибелі педагогтар мен ұйымдастырушы қайраткерлер тартылды. Дәлірек айтсақ, 1927-28 жылдар аралығында Қызылорда қаласындағы Қазақ халық ағарту институтында А.Байтұрсынның бірқатар пәндерден қазақ тілінде дәрістер оқыған. С.Сейфуллин 1927-28 жылдары Қызылордада Қазақ ағарту институтында басшылық қызметте болған. Осы институтта С.Мұқанов, Т.Жүргенов, Т.Шонанов, А.Жұбанов сияқты қоғам қайраткерлері әр пәндер бойынша дәрістер оқыған. Осы жылдары Қызылорда қаласында белгілі ұстаз Есқазы Нұрұмыров ағартушылық қызмет жасады.

(Жалғасы бар)

"Қызылорда" кітабынан

ЖАҢА ЖЫЛДЫҢ ЖАҚСЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қазалы ауданына жұмыс сапары кезінде Жедел басқару орталығының жұмысымен танысты.

Үкімет басшысының тапсырмасына сәйкес өңірдің 7 аудандық полиция бөліміндегі Жедел басқару орталығын құруға қаржы бөлінді. Бұл қаржыға ақпараттарды қабылдау мен тіркеуді автоматтандыратын, қоғамдық орындарда тәртіпті бақылайтын 77 бейнекамера, жол қозғалысы ережелерін бұзғандарды автоматты түрде



анықтайтын 7 стационарлық жылдамдық өлшегіш құрылғы сатып алынған, оған қоса «ЖБО 2.0» бағдарламасы да қамтамасыз етілген.

Қазалы ауданындағы Жедел басқару орталығында бейнекамералар пилоттық режимде жұмысын бастады. Мердігер мекеме стационарлық жылдамдық өлшегіш құрылғылар мен «ЖБО 2.0» бағдарламасын іске қосу үшін тексеру жүргізуде.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қазалы аудандық прокуратурасы ғимаратының ашылу рәсімі өтті.



Қазалы ауданында экономиканың барлық саласында тұрақты өсім қалыптасып, даму көрсеткіштері ілгеріледі. Айтулы істер мен жарқын жобалар жүзеге асты.

Өткен жылдың басында аудан бюджеті 10 млрд. 800 млн. теңге болса, жыл қорытындысымен 18 млрд. 946 млн. теңгеге жетіп, 70 пайызға өсті. Бұл қаржы тұрғындардың өзекті деген мәселелерін шешуге бағытталуда.

Қазан айында елдің тұтастығын, береке-бірлігін, ынтымағын ту етіп көтерген тарихи тұлғалар Әйтеке бидің 380 жылдығы мен Жанқожа Нұрмұхаммедұлының 250 жылдығы кең көлемде аталып өтті. Сол кезде 148 отбасыға жаңа баспана кілті табысталып, «Әмір Арена» спорт кешені ел игілігіне пайдалануға берілді, Абай ауылы «көгілдір отынға» қосылды.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Жанқожа батыр ауылында 300 орындық мектеп құрылысы қарқынды жүргізілуде. Алдағы ақпан айында пайдалануға беріледі. Ал «Руханият» орталығы сәуір айында ел игілігіне айналады.

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Әйтеке би кенті, Бекарыстан би және Қожабақы ауылдарында 3 спорт кешені және «Майдакөл» ауылында 100 орындық ауылдық клубтың құрылысы жүргізілуде. «Кәукей» ауылындағы 100 орындық клуб өткен аптада іске қосылды.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Сексеуіл» кентінде 40 төсектік аурухана ашылды.



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Арал ауданының «Шижаға» ауылын және «Сексеуіл» кентін газ желісіне қосу рәсімі өтті.



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Арал ауданындағы Жедел басқару орталығының жұмысымен танысты.



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Арал ауданына жұмыс сапары кезінде аспалы көпірдің құрылыс барысын көрді.



Бүгінде мұндағы көлік қатынасы бір ғана теміржол өткелі арқылы жүргізілуде. Өткел жабылғанда 2-2,5 шақырымға дейін автокөлік кептелісі пайда болады. Жедел жәрдем, өрт сөндіру, құқық қорғау органдарының кезек күттірмейтін қызметтік көліктеріне, тұрғындарға кедергі келтіруде. Көпір салынса осы мәселе шешімін табады.

Арал қаласында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен әлеуметтік осал топтағы отбасылар үшін сатып алынған 150 пәтерлік 75 тұрғын үйдің кілтін иелеріне табыстау рәсімі өтті.



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Жаңақорған ауданына жұмыс сапары кезінде «Жаңарық» ауылындағы 300 орындық мектептің ашылу рәсіміне қатысты. Білім ошағы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен салынған.



Шиелі ауданына жұмыс сапарымен барған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев әлеуметтік осал топ санатындағы отбасылар үшін салынған 120 пәтерлік 60 жаңа тұрғын үйдің кілтін иелеріне табыстады.



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Жаңақорған ауданына жұмыс сапары кезінде №54 мектеп жанындағы 375 орындық қосымша оқу ғимаратын көрді.



Құрылысты «Жабдықтау» ЖШС салған. Үш қабатты нысанға 789,6 млн теңге қаржы «Білім беру инфрақұрылымын қолдау» қоры арқылы бөлінді. Онда білім алушыларға барлық қолайлы жағдай жасалған. Кең өрі жарық сыныптар, жоғары сапалы оқу құралдарымен, ақпараттық технологиялармен жабдықталған кабинеттер бар. Оқушылар үшін арнайы кітапхана, зертханалар және шығармашылық үйірмелерге арналған бөлмелер де қарастырылған.

Ғимараттың әр қабатындағы арнайы инженерлік, жылу, жарық, су және желдету жүйелері заманауи талаптарға сай орнатылған. Спорт залы мен демалыс орындары дене шынықтырумен айналысуға және түрлі спорттық жарыстар өткізуге мүмкіндік береді.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Шиелі ауданының «Ортақшыл» ауылында «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасымен салынған дәрігерлік амбулатория ашылды. Рәсімге Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, Мұрат Өбенов, жауапты сала басшылары, қоғам қайраткерлері мен ауыл тұрғындары қатысты.



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Шиелі ауданының «Ортақшыл» ауылын газ желісіне қосу рәсімі өтті.



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Шиелі ауданының «Бестам», Ө.Тәжібаев ауылдарында дәрігерлік амбулатория ашылды. Медициналық мекемелер «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасымен салынған.



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Жаңақорған ауданының Өбдіғаллар, «Бесарық» ауылдарында дәрігерлік амбулатория ашылды.



Жаңақорған ауданына жұмыс сапарымен барған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев әлеуметтік осал топ санатындағы отбасылар үшін салынған 124 пәтерлік 62 жаңа тұрғын үйдің кілтін иелеріне табыстады.

